

Хан айтқасын болсын деп,  
Кызыбастың әскері  
Екпіндеп елді басқанмен  
Тау тұбіне тоқталды,  
Шыршық атып шоқталды,  
Көптігіне мақтанды,  
Қолына бір-бір оқ алды,  
Атуға мерген жақты алды.  
Арыстан туған Қобланды  
Бурылға мініп алады.  
Ақырып айғай салады,  
Бурыл атты ойнатып,  
Алдында дабыл қағады.  
«Қызылбас, шыққын жеке»,—  
деп,  
Касына жетіп барады.  
Қызылбастың Шошай хан:  
«Алды-артымды жияйын»,—  
деп,  
Қобландыдай батырдан  
Үш күн пұрсат сұрады.  
«Арманда қалдым демесін»,—  
деп,  
Бұл сөзін қабыл қылады.  
Тұра тұрсын бұл сөзім,  
Сол уақыттар болғанда  
Қалың шанды көргесін,  
Жау келгенін білгесін,  
Батырдың дауысын есітіп,  
Өлейін десе, жан тәтті,  
Кірейін десе, көр қатты;  
Адамнан өткен сымбатты,  
Сөйлеген сөзі бал тәтті,

Жеті жыл толық толғанша  
Тауда жалғыз бұл жатты.  
Жалғыздықтан тарығып,  
Күдерін үзіп Қобланнан  
Ертелі-кеш зар қақты.  
Басынан бағы тайғасын,  
Болғанмен қанша ардакты,  
Ақмоншақ ат пен Қарлыға  
Жетіп келді көк атты.  
Қарлығаның соңынан  
Бұл да қалмай шаңынан  
Қалың шуды көргесін,  
Жау екенін білгесін,  
Батырдың даусын есітіп,  
Мінген аты көк бесті —  
Ақмоншақ аттың інісін  
Ор қоянда сырғытып,  
Сейілдің ұлы Қараман  
О да келді соңынан,  
Батырға бұл да қосылды.  
Келеді деген бұларды  
Жок еді тіпті есінде.  
Қараманның артынан  
Бұл да бір қалмай салтынан,  
Ағар таудың бұлағы  
Ертемен тұрып таңертен,  
Дәрет алып жүргенде,  
Дауыс пенен тозанды  
Қарындасты Қарлығаш  
Естіген екен құлағы  
«Қекемнің даусы келді»,— деп,  
«Бір нәрсе оған болды»,— деп,  
Шыдатпайды Оракты,

Қарлығаштай кеменгөр  
Бірге туған шырағы,  
Жақынның болмас жырағы,  
«Тезірек баршы, батырым,  
Көкеммен сенің жолына  
Мен бір құрбан лағың!»  
Қүрәң атты даярлап,  
Беліне терлік салады,  
Батырды қолдап мінгізіп,  
Көлденендең тұрады.  
Жіңішке жириен атпенен  
Орақ та жетіл барады.  
Ер Орактың соынан  
Бөлінбеген ұйқыдан,  
Жыртылмаған құлпыдан,  
Батырдың даусын есітіп,  
Қалың шаңды көргесін,  
Жау екенін білгесін,  
Өзі алты жасында,  
Сусар бөркі басында,  
Өкім құла ат астында,  
Еstemіс ер бар қасында,  
Қабағы тастай түйіліп,  
Ақ сұңқар құстай шүйіліп,  
Ойны күшті арыстан  
Алты жасар Бөкенбай  
О да келді жылқыдан.  
Бөкенбайдың соынан  
Тоқпак жалды тор атпен  
Қайың құрық қарында,  
Бар қаруы бойында;  
Еstemіс келді соынан.  
Алам деп жаудың жолынан,

Алтау бірге қосылды  
Ақ бөкендей жосылды.  
Алтау тұрды кеңесіп,  
Басын қосып бесінде,  
Жалғызыбын деген батырың  
Еркінше шауып көсліді.  
Арқада бар бөрі көз  
Жақсы да ғой тәуір сөз,  
Неге ұмытсын көрген көз,  
Пұрсаты қалмақ біткесін  
Хан Шошай мен Қобланды  
Шаншысуға келді кез.  
Жекпе-жекке дегенде  
Жекеленіп наиза тәнгенде,  
Бірін бірі екеуі  
Шаншамыз енді дегенде,  
Сол уақыттар болғанда  
Қарлыға келді соынан,  
Қайрат қылды қолынан,  
«Өш алғанда, өш жоқ,— деп,  
Кек алғанда, кек жоқ,— деп,  
Шошай ханның алдында  
Кегімді мен де алдым,— деп,  
Атым әйел болса да,  
Жұзімді төмен салдың»,— деп,  
Қобландыға Қарлыға  
Найзаны салды қонынан  
Қапияда іс қылып,  
Қайратына кенелді.  
Байлап берді дүшпанға.  
Қобландыдай беренді.  
Батырды аттан түсіріп,  
Оған да, бұған қарамай

Ақ шатырды бетке алып,  
Караспан тауға бұрылды.  
Жеті жыл жатып зарығып,  
Кіжініп журген бұрын да  
Ешкімге айтпай сырын да.  
Қобланды аттан түскесін,  
Басынан бағы көшкесін,  
Жаудың көңілі өскесін  
Кызылбас мінген ала-ды.  
Шамасы келер күн болса,  
Қылуға қайрат жарады,  
Біреу шаншып найзамен,  
Біреуі келіп қызылбас  
Шоқпарменен үрады.  
Ортасынан шығармай  
Ұстаймыз деп Бурылды  
Қаншама әскер қамады.  
Жан серігі Бурыл ат  
Мінуге жайың бар ма деп,  
Қобландыны шыр айналып,  
Қасқырша шауып дүшпанға  
Айналқатап қарады.  
Омар менен Оспандай,  
Ай мүйізді қошқардай,  
Ұстапайды Бурыл ат  
Қамалаған дүшпанға-ай.  
Жанына қысым келгесін,  
Соншама әскер үстінен  
Гулеп ұшты аспанға,  
Жерде ұстамай қамалап,  
Кім ұстасын аспанда-ай.  
Сол уақыттар болғанда  
Бурылын көргесін

Түскенін ердің білгесін,  
Сейілдің ұлы Қараман  
Тік үмтыйлды ортаға.  
Бурыл атты көргесін,  
Болғанын бір іс білгесін,  
Жінішке жирен атпенен  
Үмтыйлды Орақ ортаға.  
Тайбурылды көргесін,  
Түскенін ердің білгесін,  
Өзі алты жасында,  
Сусар бөрік басында,  
Әкім құла ат астында,  
Қабағы тастай түйіліп,  
Ақ сұнқар құстай шүйіліп,  
Етек-жені жиылып,  
Арыстан туған Бекенбай  
О да үмтыйлды ортаға.  
Балтасы тасқа өтеді,  
Балаға көңілі бітеді.  
Бәрінен бұрын Бекенбай  
Жүрген жерін есік қып,  
Әкесінің үстіне  
Бекенбай келіп жетеді.  
Көп тұруға шыдамай  
Шуылдаған қызылбас  
Баладан қашып кетеді.  
Тайбурылды көргесін,  
Түскенін ердің білгесін,  
Тоқпақ жалды торы атпен  
Еstemіс шапты ортаға.  
Қайың құрық, қарында  
Ортасынан бөледі.  
Арыстандай ақырып,

Ортаға бұлар кіреді.  
Екі қолын сыбанып  
Қос етегін түрініп,  
Бұл да айтулы ер еді.  
Қойға тиген қасқырдай  
Қызылбасты бүледі.  
Кобландының үстіне  
Бұл да жетіп келеді.  
Жаралы болып қалғанын  
Батырдың келіп көреді.  
Уа, сұлтаным, деп Еstemіс  
Кобландының үстіне  
Нар түйедей шөгеді.  
Құртқаға хабар беруге  
Енді атына мінеді.  
Ақ орамал басында,  
Тоқпақ жал ат астында  
Құртқаға жетіп келеді,  
Келіп сөйлей береді:  
«Жаралы батыр болды,— деп  
Жатырсың неғып сен,— дейді.  
Жарасын батыр байлаура  
Ақ дәрісін аюдың  
Тезірек алып жүр,— дейді.  
Кансырап қаны азайса,  
Кетеді әлі шын,— дейді.  
Құртқа сынды сұлуға  
Бол, атыңа мін,— дейді.  
Жаралы болған сұлтаным  
Қылайық оған ем»,— дейді.  
Құртқа естіп жүгіріп,  
Құлады батыр дегесін,  
Көзінен жасы төгіліп,

Сасқанының белгісі  
Етегіне сүрініп,  
Құртқа сынды сұлуың  
Алдырады жорғаны.  
Еstemістей шалыңыз  
Ақырып еді қуырып.  
Болындар деп зорлады,  
Бетіне жанды қаратпай  
Жауатын күндей торланды.  
Кобландының үстіне  
Тез қондыр деп орданы.  
Кобландыдай сұлтаным  
Бұл сапарың болмады.

Әлқисса, бұлар тұра тұрсын, ендігі сөзді Кобландыдан  
естіңіз. Кобланды есінен танып қалып, бір уақытта есін жиып  
баласын шақырып алып айтқан сөзі:

Бір уақыттар болғанда  
Кете жаздал арманда,  
Кобландыдай батырын  
Басына шоқпар тигесін,  
Үстінен тозан өткесін,  
Көзін ашып қарады,  
Жан-жаққа көзін салады,  
Есін жиып алады.  
Қызылбас қашып салактап,  
Өкім құла атпен бұлактан,  
Шұбалып шапқан баласын  
Батырдың көзі шалады.  
Шақырып алып баласын  
Кобланды батыр сейлейді,  
Сөйлегенде бүй дейді:  
«Еліктен өтсөң Есімбай

Кыс кыстауы Бұкаржай;  
Сені берген иемнен  
Айналайын бір құдай,  
Дәмем еді осындай.  
Сен болмасаң тік шауып,  
Кім жетер еді үстіме-ай!  
Қостанып шықсан елінен  
Кек шекпенді көк бөрі —  
Қызылбастан хан Шошай.  
Менен туған ұл болсаң,  
Бекенбай қалма сонынан,  
Найзанды салмай қонынан.  
Жеті пірге тапсырды  
Түрегеліп орнынан,  
Омар менен Оспаным,  
Үстімдегі жеті пір  
Бекенбай саған қосқаным.  
Ханнан бүкпей тіземді,  
Батырдан бүкпей тіземді,  
Бір қатыннан мен шөктім  
Өлгенше кетпес пүшпаным.  
Қапияда іс қылды,  
Ойламаған дүшпаным.  
Әке сөзін есітіп,  
Жөней берді Бекенбай.  
«Токта, Шошай, токта», — деп,  
Токта деп бала ұмтылды;  
«Қашпа, Шошай, қашпа», — деп  
«Қашпа», — деп бала ұмтылды.  
Арқада құлан топтады,  
Мерген мылтық оқтады.  
«Қайтер бала дейсін» — деп,  
Қосынды Шошай тоқтатты.

Бала екенін білтесін,  
Көріп Шошай қорықпады.  
Жайықтың бойы қамысты,  
«Бермеймін деп намысты»,  
Бала да болса таймады,  
Саз балшықтай жабысты.  
Емен сапты сұнгімен  
Еңкейістеп шегініп,  
Еменнен найза салысты.  
Қарсыласып шабысты,  
Бірін бір қағысты,  
Бекенбай мінген құла атты  
Құла атпен шауып бұл атты,  
Бекенбайдай батырға  
Тәнірім беріп қуатты.  
Ертемен жаумен алысып,  
Кайратын жұртқа сыннatty,  
Кіші бесін болғанда  
Қызылбастың Шошайын  
Бекенбай аттан құлатты.  
Шошай ханның әскері,  
Сүйегіне шаба алмай  
Ой бауырым, деп жылапты.  
Караман менен Оракқа  
Кайратын бала сыннatty.  
Қызылбасты құлатты,  
Орактың келіп жанына  
Бекенбай батыр сөйлейді:  
«Көкемді мана көрмедім,  
Аз ба, көп пе жарасы,  
Анығын оның білмедім.  
Мен көкеме барайын,  
Жақсы ма, жаман ба сұрайын,

Мен келгенше екеуін  
Әскеріне қалмақтың  
Тарттыра тұр сазайын».  
Бұл сөзді айтып Бөкенбай  
Елге шауып жөнелді.  
Тәрткөл деген тәбесін  
Ондайды ғой жасаған,  
Ондармын деген пендесін.  
Тыңдал қара жараптар,  
Бөкенбай ердің кенесін.  
Шауып шығып көреді,  
Бөкенбай батыр Құртқаның  
Ордасының тәбесін.  
Үйге жақын келгенде,  
Түсемін енді дегенде  
Қыл шашын байлап қыландалап,  
Шашбауын байлап сыландалап,  
Өз үйінен Құртқажан  
Бөкенбайдын алдынан  
Шыға келді бұландалап.  
Алдынан шығып сөйледі:  
«Көкенің бардың сөзімен,  
Ердің дүшпан ізінен  
Менің жаным құрбандық  
'Айналайын, Бөкенбай,  
Көкенмен сенің өзіңнен.  
Дүшпанның бардың сонынан,  
Алдың дүшпан жолынан  
Менің жаным құрбандық,  
Айналайын, Бөкенбай,  
Көкен мен сенің жолыннан.  
Ерегескен дүшпанға  
Намысты берме қолыннан.

Айырып алдың көкенді  
Қызылбастың қолынан,  
Секілді қарға тобынан.  
Бурылға міне алмай,  
Қарына найза іле алмай,  
Тұра алмай көкен орнынан,  
Найзаның салған зорынан,  
Бурыл ат ұшып аспанға  
Ұстатпаған дүшпанға,  
Қамаған оның солынан,  
Менің жаным құрбандық  
Айналайын, Бөкенбай,  
Көкен мен сенің жолыннан.  
Түйенің көркі нар қылып,  
Өзеннің көркі жар қылып,  
Көкен аттан түскенде  
Шулады ел-жүрт зар қылып.  
Жаратушы бір құдай  
Он сегіз мың ғаламды  
Жоқтан өзі бар қылып.  
Ханнан бүкпей тіземді,  
Батырдан бүкпей тіземді  
Бір қатыннан шөктім деп,  
Қапияда тізе бүктім деп,  
Жатыр көкен ар қылып,  
Үйдің ішін шар қылып.  
Барма көкен қасына,  
Қарамас көздің жасына,  
Қаһары келіп жатқанда  
Шынымен шабар басынды.  
Ашуланып сұлтаным  
Ішпей отыр асын да.  
Жарасын жақсы дарулас,

Мен отырмын қасында.  
Тілімді алсан, Бекенжан,  
Ертемен тұрып, атпай таң  
Бұландаған Бурылды  
Білдірмей алып берейін,  
Астыңа оны мінсейші,  
Алты құлаш ак семсер  
Көрсетпей алып берейін,  
Қынай белге ілсейші.  
Ойпаң жерден орғытып;  
Тегіс жерден сырғытып,  
Аяндамай желсейші.  
Көп дүшпаның ортасында  
Кекенді шанышп наизамен  
Тауға кеткен Қарлыға  
Шамаң келер күн болса,  
Түсіріп аттан жетелеп,  
Кекенді сөйтіп көрсейші.  
Жалғаны жоқ сөзімнің  
Шырағым, қозым, сенсейші!  
Барап болсан, шырағым,  
Тапсыратын сөзім бар,  
Бұл сөзімді білсейші».  
Бекенбайдай батырың  
Құртқаның тындал ақылын,  
Әкел деді Бурылды  
Кайырын сұрап ақырын.  
Бұландаған Бурылды  
Бекенбайға мінгізді.  
Алты құлаш ак семсер  
Қынай белге ілгізді.  
Бурылына мінген сон  
Бектеріп тасты желгізді,

Желмек түгіл шапқызды,  
Жарлардан қарғып атқызды,  
Жығылмасын Құртқаға  
Бекенбай батыр білгізді.  
Ат үстінен еңкейіп,  
Тас көтеріп өнгеріп,  
Кереметін көргізді.  
Құртқаның көnlі сенгесін,  
Жығылмасын білгесін;  
Шақырып алып баласын  
Құртқа сұлу сөйлейді:  
«Бұл жібердім базардың  
Бояғы мен бөзіне,  
Салса жылқы токтайды  
Арқаның бөрі көзіне.  
Айналайың, Бекенбай,  
Салғын құлақ сөзіме,  
Шамаң келер күн болса,  
Қарлығадай сұлуға  
Қан жұтқызыба аузына!  
Көп жаксылық іс қылған  
Кекеннің-дағы өзіне,  
Кекене қылған Қарлығаның  
Жақсылығы көп еді.  
Жазым жерде жоқ қылсан,  
Өкпелермін өзіне,  
Тапсырғаным осынша  
Өлгенше көрмен жүзінді,  
Есіт менің сөзімді».  
Бекенбайдай батырың  
Құртқаның сөзін есітіп,  
Аққа белін шешіпті;  
«Жамандық өзі қылмаса,

Мен тимеймін десіпті.  
Әкесі кәпір Қарлыға  
Көп дүшпанның ішінде  
Көкемді менің шанышты.  
Тұсіріп аттан көкемді  
Караспан тауға қашыпты.  
Ақмоншақ атты көсілтіп,  
Күдерден күдер асыпты.  
Мұны ойламай Қарлыға  
Мұншама неге асықты.  
Әлі білмей жүр ме екен  
Асыл менен жасықты.  
Сенің сөзің болмаса,  
Тақымға салып сүйретіп,  
Қабырғасын күйретіп,  
Ойнатар едім асықты».  
Бұл сөзді айтып болғасын;  
Бекенбайдай берен-ді  
Астына мініп дөненді,  
Торғынға өзін бөледі,  
Қарлығаның ізінен  
Бекенбей батыр жөнелді.  
Тайбурылды шу! дейді,  
Құбылып бурыл гулейді,  
Табаны жерге тимейді,  
Алмас қылыш сартылдаپ,  
Алтын жүген жарқылдаپ,  
Өмілдірік сом алтын  
Омырауда алқылдаپ,  
Буырыл аяқ басқан жер  
Ойыла жаздал солқылдаپ,  
Шаңы аспанға бурқылдаپ,  
Бекен батыр келеді.

Қарлығадай сұлу да —  
— Келмесе екен дейді екен,  
Кобландының баласын.  
Бала да болса қайратқа,  
Байқаған екен сұлуың  
Манағы жерде шамасын.  
О да қоймай түр екен  
Көп жат етіп бабасын..  
Келе жатып Бекенбай  
Караспан таудың басында,  
Ақмоншақ атпен көлбенде,  
Көлдененде жүргенін  
Бекенбай бала көреді.  
Қарлығаның карасын.  
«Қашпа, Қарлыға, қашпа», — деп,  
Бекенбай батыр ұмтылды.  
«Қашпасаң бала, саспа», — деп,  
Карлыға қарсы ұмтылды.  
Бекенбай келіп бұл жактан  
Карлығага сөйлейді:  
«Ай, Қарлыға, қашпаймын,  
Кайратым бар деп таспаймын,  
Дүшпанин корқып саспаймын,  
Күртқаның айткан сөзі бар,  
Тапсырған қатты кезі бар,  
Табаныма баспаймын.  
Канша айтсан, сонша айт,  
Карлыға сені шанышпаймын».  
Бекенбай айтып болғасын  
Үлкектен туған маядай,  
Мая жолдан таяма-ай  
Баланың сөзіне карамай,  
Бекенбайдай Қарлыға

Найзасын салды аямай.  
Қанша айтса да Бөкенбай  
Қарлыға бұған қарамай.  
Есіктің алды кендір-ді.  
Етіне найза ендірді,  
Аямасын білгесін,  
Етіне найза енгенсін,  
Толғамалы ақ сұңғі  
Толғап алып Бөкенбай  
Қак жүректен Қарлығаға  
Бөкен де найза төндірді.  
Жанған отын сөндірді,  
Сауыттың көзі тарқалып,  
Алысканда екеуі  
Жүрген жерін ор қылды.  
Сол уақыттар болғанда,  
Қарлығадай сұлуды  
Ақмоншаш аттың саурынан  
Дәңгелентіп төндіріп,  
Ат көтіне міндіріп,  
Найзаны ырғап ендіріп,  
Жығылар мезгіл болғанда  
Қарлыға сұлу сөйлемі,  
Сөйлегенде бүй дейді:  
«Бұл жібердім базардын  
Бояғы мен бөзіне,  
Салса жылқы тоқтайды  
Арқаның бөрі көзіне.  
Айналайын Бөкенбай,  
Салғын құлақ сөзіме.  
Жасың кіші болса да,  
Кұлдығым бар өзіне.  
Өлтірер болсан шырағым,

Үйдегі жаткан көкенің  
Көрсетіп өлтір көзіне.  
Түсіп тұрмын тезіне.  
Түйсін қоркі нар еді,  
Өзеннің қоркі жар еді,  
Өзімнің әкем, ел-жұртый  
Соның үшін қырып ем.  
Сенің жынды әкене  
Не жазығым бар еді?»  
Бөкенбайдай батырын  
Қарлыға бұл сөзді айткасын  
Найзасын тартып алады.  
Ақмоншаш аттың үстіне  
Түзетіп қызды салады,  
Босанса кашып кетер деп,  
Ақмоншаш атты жетелеп,  
Жүретін жолын төтелеп,  
Ауылға алып барады.  
Қарлыға сұлу сөкпейді  
Бөкенбайдай баланы.  
Қарлығаны ізден ауылдан  
Шығып еді таң ата  
Үйге түсті Бурылмен  
Құптан ауыл ел жата.  
Қарлығаны жетелеп,  
Бөкенбай елге келеді.  
Қос тұлпардың дубірін  
Сұлу Құртқа біледі.  
Құптаннан қалмай келер деп,  
Құртқа да күтіп тұр еді.  
Жүгіріп шығып далаға  
Бөкенбайды көреді,  
«Қарлығаны алып келді», — деп

Батырға хабар береді.  
Қарлығаны жетелеп,  
Баласы үйге енеді.  
Сағынып жатқан баласын  
Батыр Қоблан көреді,  
Ұшып тұрып орнынан  
Бөкенбайды сүйеді.  
Қарлығаны көргесін,  
Баласы алып келгесін;  
Сегіз жыл жатып далада  
Қарлыға сұлу күйгесін,  
Ақыл кіріп батырға  
Найзаның ұшы тигесін,  
Ашуын тастап батырын  
Аққа белін шешіпті,  
Қәнілі бір тасып өсіпті,  
«Бұл елдің қайда молдасы,  
Қарлығадай сұлудың  
Некесін қысын», — десіпті.  
Қобландыдай батырдың  
Қарлығадай сұлуды  
Алайын деп жатқанын  
Қараман құрдас есітті.  
Қараман сонда сөйледі:  
«Менен туған ұл болса  
Қобландының ұлы деуші едім,  
Қобланыдының баласын  
Өзімнің ұлым деуші едім.  
Баламның тапқан олжасын  
Бізге әкелсе, болмай ма?  
Теке менен тушадан  
Түгендеп сойып, той қылып,  
Екеуінің некесін

Киып коссам, болмай ма?  
Сұлу сурет қоласын  
Шаба алмай жүйрік боласын.  
Қарлығадай сұлу да  
Сегіз жыл тауда бос жатты.  
Шығармас па едім көңілінен  
Екеуінің кінасын!»  
Қараманның бұл сөзін  
Қобланды батыр естіді,  
Бөкенбайға сөйледі,  
Сөйлегенде бүй деді:  
«Түйенің көркі нар, балам;  
Өзеннің көркі жар, балам,  
Әкеңіз қатты кейіпті,  
Алып келген ананды  
Әкеңіздің алдына  
Тезірек алып бар, балам».  
Батырдың сөзін есітіп,  
Бөкенбай мінді күн шыкпай,  
Жылқыдан ұстап дөненді.  
Торғынға өзін бөледі,  
Қарлығадай шешесін  
Ақмонашқ атпен жетектеп,  
Қараманға жөнелді.  
Қараман, Орак екеуі  
Қызылбасты адақтап,  
Найзамен күйп шабактап,  
Қойға тиген қасқырдай  
Алқымынан тамақтап,  
Алды-артына қарамай  
Қызылбас қашып салақтап.  
Найзасына сүйсніл,  
Екі батыр тұр еді.

Карлығаны жетелеп,  
Алып келген баланы  
Бұл екеуі көреді.  
Әкелгесін Қараман  
Қарлыға мен Бекенді;  
Ертіп алып Оракты  
Кайрылмайды бұл елге,  
Еліне алып жәнелді.  
Қылайын деп қонақты  
Еліне келіп Қараман  
Алпыс бие бұл сойып,  
Алты ру ел шақырды.  
Жетпіс бие бұл сойып,  
Жеті ру ел шақырды.  
Жұрт мактады бұл жерде  
Қарамандай батырды.  
Ұзын көлдің басына  
Жағалай тіккен шатыр-ды  
Кобланды мен Құртқаны  
Тойға кел деп шақырды.  
Кешке шейін тіккізді,  
Жұз сексен басты ордасын.  
Той аяғы өткесін,  
Мереке қызық біткесін,  
Шақырып алған Қыпшақтан  
Кобландыдай жолбарысын,  
Көнілінен кінән кетсін деп,  
Онаша берген қолына  
Карлыға сынды жолдасын.  
Қасына адам келтірмей  
Қараман өзі тыңдады  
Карлыға, Қоблан құрдасын.  
«Қалдырмай сөйле бәрін де,

Іште кінән қалмасын,  
Бір-біріне нахақтан,  
Өтірік жала болмасын».  
Қараман бұл сөзді айтқасын,  
Қарлыға бастап сөйлейді,  
Сөйлегенде бүй дейді:  
«Ауылдың алды бел,— дейді;  
Белден көшер ел,— дейді,  
Көл қатырған сен,— дейді.  
Қобланды батыр айтайын  
Қараман отыр ортада,  
Көл қатырған сен,— дейді.  
Басыңа ғашық болдым ғой,  
Көргеннен соң мен саған,  
Басыңа басым тен,— дейді.  
Бір сен үшін ауылдан  
Ел-жұрттымның бәрін де  
Қыып шықтым мен,— дейді.  
Қисық та болса, әркімнің  
Өзіне ісі жөн,— дейді.  
Әуел бастан айтайын  
Қараман, тында сен,— дейді,  
Шырағым қандай болад деп  
Әлгенше өмірім тіледі.  
Әркімнің ісі өзіне  
Қисық та болса жөн,— дейді.  
Қараман менен екеуінді  
Такымына қыстырып  
Калыңнан соққан қарсақтай  
Ақмонашқ атпен Қебікті  
Қалаға алып келгенде  
Кол-аяғың байланып,  
Абактыда жатқанда

Мына отырған Қараман  
Ұмыттың ба, не деді?  
Алдырып атың мінгізіп,  
Көбіктіден жасырып,  
Сауытынды тығып кигізіп,  
Найзанды білекке ілгізіп,  
Өзімнің әкем Қөбікті  
Ақылын айтып өлтірттім.  
Білдің бе Қоблан, кім үшін?  
Оны да жалғыз сен үшін!  
Басына ғашық болдым ғой,  
Басына басым тең үшін.  
Ол асылды білмедің,  
Асылды көзге ілмедің,  
Алшағыр елінді алғанда,  
Қараспан құлап қалғанда,  
Бурыл ат ақсап жүре алмай,  
Қарамай тастап жүртynа,  
Өзін жалғыз қалғанда,  
Басына қайғы салғанда,  
Кайрылып барған сонда кім?  
Білдің бе, Қоблан, кім үшін?  
Оны да жалғыз сен үшін.  
Алшағыр елінді алғанда,  
Басына қаза қалғанда,  
Батырдың бәрін тауысып,  
Біршымбай жалғыз қалғанда,  
Төртеумізге найза салғанда,  
Төртеумізден сән кетіп,  
Кеудемізден жан кетіп,  
Найза орнынан қан кетіп,  
Екі қолдан әл кетіп,  
Сандалып тұрган кезінде,


Ақ бетімде тұлымым,  
Бірге туған құлыным,  
Омыртқаға біткен жұлыным,  
Керіле біткен жауырыным,  
Бірге туған бауырым,  
Қолғанатым құйрығым,  
Судан шыққан сүйрігім,  
Сурырылып озған жүйрігім,  
Жалғыз інім Біршымбай  
Өзім шаншып өлтірдім,  
Кемеліне келтірдім,  
Білдің бе, Қоблан, кім үшін?  
Оны да жалғыз сен үшін!  
Басына басым тең үшін!  
Ол асылды білмедің,  
Асылды көзге ілмедің.  
Елінді жинап алғанда,  
Арманың болмай жалғанда  
Қараспан тауын қанғырып,  
Олжа малды салғанда,  
Мен келмедім есіне,  
Некелеп Құртқаны алғанда.  
Қараспан тауын қанғырып,  
Қөнілге қайғы толғанда  
Мен келмедім ойына.  
Шатырым сайдың бойында,  
Қасына жолдас кісі ертіп,  
Қараманың шықтың тойына.  
Талма тал тұс шағында  
Шатырима келдің кез.  
Түстене кет, батыр,— деп,  
Жалындық қанша сонда біз..  
Түсейік деді Құртқа да

Құлағыңа бір алмай  
Қайрылмай кеттің, батыр, сіз.  
Ақша бір жауған қар еді,  
Ғарыптың көнілі тар еді,  
Қайрылмайтын соншама  
Қанша күнәм бар еді?  
Мұнан кейін, Қобланды,  
Қараманның бардың тойына  
Мен келмедім ойына.  
Әділдігінді айтқанда  
Той аяғын өткізіп,  
Елге тағы қайтқанда  
Алдында тұрды ак шатыр,  
Шақыруда болдық біз пакыр,  
Жанында Құртқа серігің  
Киылса да түсуге,  
Қайрылмай кеттің, сіз батыр.  
Қанша күнәм болса да,  
Сонша көңлім қалса да,  
Сонда Шошай алдында  
Етпетінен бір салдым;  
Ескі кекті бір алдым.  
Алдыңа келдім, аяма!..  
Қөнлінде болса сенін де,  
Әлі қырқып салсан да,  
Бір алғанмын кегімді!!  
Қараман құрдас, ризамын  
Қара-қарсы айтқызып,  
Тартқаттың көніл шерімді.  
Бұғін өлсем де арман жоқ,  
Шығарып көніл кірімді.  
Қараман құрдас, тыңдасын,  
Қобландыдай сұлтаным,

Қалдырмай сөйле мұнынды,  
Өтірік айтпа шынынды».  
Сонда Қоблан сөйлейді,  
Сөйлегенде бүй дейді:  
«Жақсы айтасын, Қарлыға,  
Алданың кең ғой жарлығы,  
Ауылдың алды бел еді,  
Белден көшкен ел еді;  
Көл қатырған сен еді.  
Аз ғана емес қызылбас,  
Бірталай жатқан ел еді.  
Әркімнің ісі өзіне  
Қисық та болса жөн еді,  
Шырағым қандай болад деп,  
Өлгенше өмірің тіледі.  
Өзіңдің әкең Қебікті  
Ақылын айтып өлтірдің,  
Әкеңнен жақын кім еді?  
Қара Қыпшак Қобланды  
Танимысың нен еді?  
Сөзіңдің айтқан бәрі рас,  
Басыма басын тең еді.  
Саган жұрт қайтып сенеді,  
Мұның аз бол Қарлыға,  
Ақ бетінде тұлымың  
Бірге туған құлының,  
Омыртқаға біткен жұлының,  
Керіле біткен жауырының  
Бірге туған бауырың,  
Қолғанатың, құйрығың,  
Судан шыққан сүйрігің,  
Жалғыз інің Біршымбай  
Өзің шаншыя өлтірдің.

Кемеліне келтірдін.  
Інінен жақын кім еді?  
Қара Қыпшақ Қобланды  
Танымайсың, нең еді?  
Әкең менен ініңе  
Сонша қастық қылғанда,  
Кімге достық қыласың;  
Саған Қыпшақ нағып сенеді?  
Дихан еккен егінді  
Есен алса тегін-ді.  
Бұл сөзден сұлу жеңілді.  
Қобландының аяғына  
Қарлыға сұлу жығылды.  
Ешкі малдың серкесін,  
Ақсақал шер шертесін,  
Ұзын сөзді қысқартып,  
Енді айтайын төтесін.  
Отыз күн ұдай ойын қып,  
Қырық күн ұдай тойын қып,  
Қарлығадай сұлудын  
Қобланды сынды батырға  
Қарамандай құрдасы  
Осы жерде қиды некесін.  
Қарлығадай сұлудың  
Сегіз жыл жатып бір тауда  
Мұрадын солай өтесін.  
Асықпасаң сабыр қып,  
Талаптансан ұмтылып,  
Мақсұтыңа ақыр жетесін.  
Қобланды, Құртқа, Қарлыға,  
Көк паусеке күймесін  
Күйменің іліп түймесін.  
Қарлыға сұлу көреді

Дәуірдің тәтті жемісін,  
Қарлыға Құртқа көрсетіп,  
Қалың Қыпшақ еліне  
Татулықтың белгісін,  
Мақсатқа жеткен осылай,  
Елге жайып үлгісін.  
Аяғы мұның әлі бар  
Қарлығадан ұл туар,  
Ұлының аты Қиікбай  
Талабы таудай бикті-ай,  
Қиікбай атқа мінгенде  
Көп Қыпшаққа күн туар,  
Қызылбасқа түн туар.  
Бұл өзі бөлек бір қисса  
Қиікбайдай батырдың.  
Тоқтаттым бұлай ақырын,  
Сөйлесе сөздің жүйесін  
Келтірер біздей ақының.



## Алпамыс батыр хикаясы

**Б**ұрынғы өткен заманда  
...Жиделі Байсын жерінде  
Конырат деген елінде  
Байбөрі деген бай шыкты,  
Тоқсан мың екен қорасы.  
Мұрындық, нокта тимеген,  
Түйешілер мінбеген  
Сексен мың екен маясы.  
Шұрқырап жатқан бір жылқы,  
Тоғай сайын мың жылқы.  
Есебі жок көп жылқы —  
Жиделі Байсын даласы.  
Өз алдына бір бөлек  
Торысы мен қарасы.  
Аңдай болып көрінген

Бозы менен аласы.  
Соншама бай болса да  
Жоқ еді ердің баласы.  
Алланың өзі бермесе,  
Бенденің бар ма шарасы.  
Атадан жалғыз ер еді,  
Еңіреген ердің бірі еді,  
Жоқ екен іні-ағасы.  
Құлтай деген туысқан —  
Немере мен шөбере  
Екеуінің арасы.  
Азырақ баян етейін  
Құлақ сап бұған қараши:  
Сол уақыттар болғанда,  
Сексенге жасы толғанда  
Кетем деп байғұс арманда  
Қайғылы болып қамықты,  
Перзентсіз болып қалғанға.  
Құбылаға бас беріп,  
Екі көзге жас беріп,  
Байбөрі хаққа налынды:  
«Алмадың, құдай, жанымды.  
Бір баланың жоғынан  
Ағайын жейді малымды  
Айналайын атыннан  
Жаратқан жалғыз, құдайым.  
Бір баланың жоғынан  
Зорлық қылды маңайым.  
Әкім қыла сөйлейді,  
Баласы көп ағайын.  
Көретін күнің болар ма  
Қезімнің жасын, құдайым!  
Сүйегім кетті жасық боп,

Досым кетті қашық бол.  
 Көретін көзім көр болды,  
 Бір перзентке асық бол.  
 Аққан жасым тыя алмай  
 Перзенттің дағы өтеді.  
 Баласы жоқ адамның  
 Эркімге ақы кетеді,  
 Байбөрі қубас деген сөз  
 Сүйегімнен өтеді.  
 Жаратқан жаппар,  
     құдайым,  
 Перзентке зар ғып қойғанша  
 Жаратпасаң не етеді?»  
 Байбөрі осылай деп жүрді жылап,  
 Құдайдан күні-түні бала сұрап.  
 Сүйегі сырқырайды Байбөріге  
 Бұл сөзді есіткен жан салып құлак.  
 Қоз жасы Байбөрінің бетін жуды,  
 Көрмей-ақ өтем бе деп үйден дуды,  
 Сол күнде Құлтайының (аяқ салған),  
 Тезекші қара күннен бір ұл туды.  
 Байбөрі осылайша ойлайды ойды,  
 Кайғының ішіндегі бәрін жуды.  
 Балаға тақсық болып жүрген байғұс  
 Үйіне алып келіп қылды тойды.  
 Туғандай тумаса да қылайын деп,  
 Ұлтан деп ол баланың атын қойды.  
 Бір түрлі болды нұсқасы,  
 Порымды мынау баланың,  
 Алдымағы жақсылар,  
 Келбетіне қарағын,  
 Қеудесі болды кепедей,  
 Мұрны болды тәбедей.

Қурек тісі кетпендей  
 Кенірдегінің тесігі  
 Жүгімен түйе өткендей.  
 Құлағы болды қалқандай.  
 Мұрынына қарасаң,  
 Сығымданған талқандай.  
 Қөзі терең зындандаі,  
 Басқан ізін қарасаң  
 Қөрінед оттың орнындаі.  
 Аузы үлкен ошақтай,  
 Азу тісі пышақтай.  
 Иегі бар сенгердей,  
 Бір батыр болды сол күнде-ай.  
 Байбөрі мен Құлтайға  
 Алжыған қақбас дер еді,  
 Ер жеткен соң күніне-ай  
 Малда, жанда нең бар деп,  
 Намаздігер болғанша  
 Жолатпай қойды үйіне-ай,  
 Есіткен адам зар жылар,  
 Жыландай зәһәр тіліне-ай.  
 Жарының аты Әналық  
 Жылай берді зарланып.  
 Көрмедік деп самалық  
 Жасымыз болса кеп қалды,  
 Енді қандай қылалық.  
 Макұл десен алғаным,  
 Алаша төсек салғаным.  
 Әзіреті сұлтанға  
 Екеуміз де баралық.  
 Әулие қылса керемет  
 Болар ма екен жаңалық,  
 Бермесе құдай шара не,

Далада өліп қалалық.  
Мақұл көріп Байбөрі,  
Қойдан алды қошқарды,  
Басқа малды тастады.  
Басына құдай салғансын  
Екі көзін жастады.  
Бәйбіше барды анырап,  
Коздаған қойдай маңырап,  
Қазына аузын ашқалы.  
Таратты алтын-күмістен  
Қалғанынша мыскалы.  
Алтын-күміс арттырып,  
Асыл кілем жаптырып,  
Түйеден алды бураны.  
Қаны қашып бетінен  
Ірені жаман қуарды.  
Сәрсенбі күн сәскеде  
Жүрмекке қосын шығарды.  
Қоңылары жиналып,  
Қош айттысып шулады.  
Бірін-бірі қыя алмай,  
Не қыларын біле алмай  
Бір күндік жерге шұбады.  
Сол уақтар болғанда,  
Күн ұяға конғанда  
Бір төбенің басында  
Үркердей болып тұрады.  
Байеке болсын жолын деп  
Қабыл болсын мұнын деп  
Кол жайып дұға қылады.  
Бай-бәйбіше жөнелді,  
Қалғандар малға кенелді.  
Заманы қандай болады,

Аналық атты бәйбіше  
Танадай көзі жарқылдала.  
Жылайды жазған анқылдала.  
Байбөрі бай келеді  
Құзғындақ қақсан қанқылдала.  
Екеуінін дауысы  
Қосылады сыңқылдала.  
Кей жерде жатып ыңқылдала,  
Кей жерде жатад қыңқылдала.  
Көбелектей көзі жок,  
Перзенттен басқа сөзі жок.  
Жол түгіл малдың ізі жок —  
Алдында жатыр құла дүз.  
Телміріп қалды екі көз  
Асуы жок, жолы жок.  
Бір жапанға болды кез  
Жүрерін қайда білмеді.  
Ыңғардың ыңғар даласы  
Қырық күншілік шөл еді.  
Налыс қылып құдайға  
Көзінің жасын төгеді.  
Адам ұлы көрмеген,  
Ешбір бенде жүрмеген  
Иесіз жатқан жер еді.  
Көз жетпеген далада  
Көп қорлыққа көнеді.  
Бай-бәйбіше жасынан  
Жер баспаған ер еді.  
Мандайы күнге күйеді,  
Табаны тасқа тиеді,  
Байбөрі бай серт қылып,  
Көлікке көті тимеді.  
Аналық жазған анырап,

Бұ да көлік мінбеді.  
Кей жерде жаяу үдеріп,  
Кей жерде жатып тұнеді.  
Күннен күнге тұн катып,  
Бишара әбден жүдеді.  
Бірнеше күн жүргендеге,  
Өлдік-талдық дегенде  
Әзіретке келеді.  
Әзіреттің төбесін  
Күндік жерден көреді.  
Жақындастып келгенсін  
Алып шыққан дәулетін  
Екі жерге бөледі.  
Алтын-күмс, гәунарын  
Оны да бөліп үйеді.  
Кожаларын шақырып,  
Тен жарымын береді.  
Көзінің жасы көл болып,  
Отырған орны жер болып,  
Жеті күн ұдай тұнеді.  
Бай-бәйбіше екеуді  
Ешбір нышан білмеді,  
Кожалардан бата алып,  
Жапан кезген атанып,  
Жоғары қарап өрледі...  
Бәріне бір тұнеді,  
Әзіреті Қаратая  
Әулиенің кені еді.  
Өзен сайын тастамай  
Бәріне бір тұнеді...  
Ол уақытта Бабата  
Томпайып жатқан жер еді.  
Атбесік салып басына.

Қабырын бұлар тұзеді,  
Қалған малын сарып қып,  
Бұған да үш күн тұнеді.  
Осымен өтті тоқсан күн,  
Ешбір аян бермеді,  
Құдер үзіп бәрінен  
Онан да әрі жөнеді.

Бет алдына қараса,  
Асусыз аскар бел еді,  
Белге шыға келеді.  
Белден арман қараса,  
Жалтырап жатқан көл еді.  
Қөл жағалай қараса,  
Суы тынық айнадан,  
Атылып тасып қайнаған  
Жылы бұлак дер еді.  
Басында бар қара ағаш,  
Моласы жок, тамы жок  
Төнірегі жалаңаш.  
Жағалай біткен шенгелі.  
Шенгеліне қараса  
Қара ағашпен тен келді.  
Көзінің жасы төгіліп,  
Жылап-еніреп егіліп,  
Арасында шенгелдің  
Ботадай боздап келеді.  
Сол уақыттар болғанда  
Топ қара ағаш қасынан,  
Бір шенгелдің басынан  
Иіліп келіп бір шыбық  
Маңдайынан тіреді,  
Жазайыншы дегенше

Екі елі батып кіреді,  
Қан шыққан жоқ онымен,  
Кереметті екен деп  
Ақылмен ойласп біледі.  
Аналық атты бәйбіше  
Жұлып алыш жаулығын  
Әр шенгелге іледі.  
Жердегі тасты жинап ап  
Бір жерге бәрін үйеді.  
Тас үстіне тас қойса  
Күюнина келеді.  
Намазшам еді күн батты.  
Құптанның болды уақыты.  
Намазын оқып шам жағып,  
Бұрынғы қылды әдettі:  
Бір етегін тәсепті,  
Аяқтарын көсліп,  
Бір етегін жамылып,  
Көзінен жас ағылып,  
Құбылаға бас беріп,  
Жарыса түсіп бұл жатты.  
Көздері мызып үйқыра...  
Әне-міне дегенше  
Сарғайып келіп таң атты.  
Сол уақыттар болғанда  
Көк есегі астында,  
Ақ сәлдесі басында,  
Сырлы аса қолында,  
Өзі актын жолында  
Бір диуана келді де,  
Асаменен түртіп ояты.  
Көкірегін оятып,  
Бетіне бетін қаратып,

Есектен түспей тіл катты:  
«Ей, бишара мүгедек,  
Жаңыңыза не керек?  
Дейсің ғой маған ұл керек,  
Эулиені қыдырдың,  
Жердің жүзін сыйырдың  
Мандайына тәбелеп,  
Әрқайсысының әртүрлі  
Мәртебесі бір бөлек.  
Сен үшін бәрі қиналды,  
Бір жерге тегіс жиналды  
«Бір ұл бер» деп осыған  
Бір жаратқан құданың  
(Тура өзіне) жылады.  
Мен де тұрдым ішінде...  
Жаратушы жалғыз-ак  
Дергейіне үнады.  
Ұнағаның сонан біл  
Бір қыз қосып сыйлады.  
Сексен сегіз серулер,  
Тоқсан тоғыз мың машайық  
Бәрінің көңлін қимады.  
Менің атым Шашты Әзиз,  
Қыламын десен ықлас,  
Жарылқады жаратқан,  
Ей, бишара, көзінді аш!  
Ұлыңың аты Алпамыс,  
Қызыңың аты Қарлығаш,  
Атса мылтық өтпейді,  
Шапса қылыш кеспейді,  
Қалмақтармен болар қас.  
Түрегел де қолын жай,  
Болады өзі өмір жас!»

Мұны көріп екеуі  
Түргелді орнынан,  
Аяғына бас үрып,  
Иіскеді қолынан.  
Жыртып алды тұмарлық  
Диуананың тонынан.  
Сол уақытта диуана  
Ғайып болды қолынан.  
Биттей де нысан қалған жоқ  
Диуананың бойынан.  
Диуананың бұл сөзі  
Кетпеді шығып ойынан.  
Ойланды елге бармаққа,  
Елінен хабар алмаққа,  
Арылып жазған сорынан.  
Бұл сырды көnlі байқады,  
Іштің кірі тарқады.  
Бәйбіше қайта түрленіп,  
Мойнына салды алқаны.  
Байбөрі жүр қолайлап...

Бай-бәйбіше қуанып,  
Қапалы көnlі жұбанып,  
Елге қойды қадамды.  
Бергесін аққа хабарды  
Жаяулық пен жалғыздық  
Жалғанда үлкен жаман-ды.  
Неше күндей жол жүріп,  
Аз ғана емес мол жүріп,  
Ойғызды тасқа табанды.  
Өткен күнді кім санайд  
Өткізді талай заманды.  
Бәйбіше келед алаңдалап,

Жас бөрідей жаландап,  
Жерігі қанбай сандалды.  
Катып-семіп келеді;  
Ешбір тағам жемеді,  
Сүзектен жерік жаман-ды.  
Байға айтты: «Ер едің,  
Ерім сенен тіледім,  
Тойғанымша жер едім  
Тауып берсең қабыланды,  
Адалды көnlім қаламай,  
Қалайды көnlім арамды.  
Не болса ауқат қылуға,  
Амалын жүрмін таба алмай.  
Жүргіме ас батпай,  
Не қыларын біле алмай,  
Өлейін десем, өле алмай,  
Өз жанымды кыя алмай,  
Казы менен қартана  
Келеді көnlім қарамай».

Байбөрі сонда сөйледі:  
«Рас па сөзің, алғаным,  
Алаша тәсек салғаным,  
Алла тағала жар болса,  
Қара мылтық бар болса,  
Беремін атып қабыланды.  
Соңымнан ер де жүр жылдам,  
Болмайды қабылан далада-ай».

Мұны естіп бәйбіше  
Қуанды көnlі баладай.  
Осыны айтып Байбөрі,  
Оқшантайын байланып,

Мойнына мылтық салады-ай.  
Баз бір жерде жүгіріп,  
Баз бір жерде кідіріп,  
Жүгіре басып барады-ай.  
Арт жағында бәйбіше  
Келе жатыр анадай.  
Шіркін аңын қызығы  
Біріне бірі қарамай.  
Жетіп келді жүгіріп,  
Жеті қабат аралға-ай.  
Атып тастап келеді  
Бұғы менен марал, елікті.  
Көрінгенін жібермейді  
Құлан менен киікті.  
Ешбіреуін жемейді,  
Бәйбіше баспай жерікті.  
Аузына салса құсады,  
Мейіз бенен өрікті.  
Сол уақытта екеуі  
Бір қалыңға еніпті,  
Екі көзі табактай,  
Салты аякты қабактай  
Бір қабылан көріпті.  
Бір ағашты паналап,  
Өкпенің тұсын сығалап,  
Сыбаға оғын беріпті.  
Тарс еткенде шарт етіп,  
Дәлдеген жерден тиіпті  
Ажалдың оғы тиген соң,  
Тырп етпей қабылан өліпті.  
Арсалактап жүгіріп,  
Асығыста сүрініп;  
Кеудесіне мініпті.

Құс кездігін суырып,  
Кеудесінен тіліпті.  
Өкпеден алып суырып,  
Жүргегін кесіп беріпті.  
Отқа салып бауырын,  
Ішіндең тәуірін  
Азуға салып жұлышты.  
Шала-пұла пісіріп,  
Мосыдан алып түсіріп,  
Қоң етін кесіп беріпті.  
Әрқайсысынан бір асап,  
Бәйбіше басты жерікті.  
Тамақтың қалай қуаты  
Болса да мейлі үяты,  
Қыздары нұры кіріпті.  
Екі беті албырап,  
Жас қалпына келіпті.  
Көnlі тасып жөш ұрып,  
Байбөріге қосылып,  
Езу тартып күліпті.  
Мұны көріп Байбөрі  
Ақылмен ойлап біліпті...  
Етек-женін түрініп,  
Қынап белін буынып,  
Тәуекел деп аллалап,  
Жолға мойнын бұрышты...  
Жақындасып келгесін,  
Елін аман көргесін,  
Қайғының бәрін ұмытты.  
Барса елдер дін аман,  
Малы шықты қорадан.  
Күніреніп Қоңырат,  
Жүгіре шықты алдынан.

Есіткен халық қалмады  
Ханы менен қарадан.  
Кыз-бозбала, жас-кәрі  
Қалмапты ешкім каладан.  
Кеше кетті десе де  
Өтіпті он ай арадан.

Ханы айтты: «Байеке,  
Көрдіңіз не сыр баладан»,  
Байбөрі бай жылады,  
Көргенін айтып даладан.  
Әйелге әйел сыр айтып,  
Жақсылық дейді алладан.  
Мұны естіп куанып,  
Қайтып кетті ханы да  
Бүйымын алып қалаған.  
Әр жерден халқы келді де  
«Құтты болсын» деді де,  
Құрсақ шашу жеді де,  
Қайтадан халқы тараған.  
Бәйбіше енді түрленді,  
Ту биедей бұлыхын.  
Күннен күнге төлемжіп,  
Келіншектей қылымсып...  
Ішінде бала тыптырлап,  
Жата алмайды ынырысып,  
Тоғыз ай, он күн біткенше  
Шыдады кемпір тырысып,  
Тоғыз ай он күн біткенсін,  
Туатын мезгіл жеткесін,  
Бәйбіше бір күн толғатты;  
Толғата барып оң жатты.  
Құрып қалған бұлақтың

Жылғасынан су акты.  
Әмірімен алланын  
Арыстай қылып үл тапты.  
Өзге әйелдей болмады,  
Денесі болды жинақты.  
Куанып байғұс кеүілі,  
Болғай деп үзак өмірі  
Анаған берді бір атты,  
Мынаған берді бір атты,  
Арт жағы қызық той болып,  
Сойғызды тоқсан құр атты.  
Мұрындық-ноқта тимеген  
Түйешілер мінбеген  
Тоқсан нарды құлатты.  
Тоқсан үйдің ішіне  
Арак-шарап, бал құйып,  
Ішкеннің бәрін сұлатты.  
Байсынның қонып сазына  
Қыс емес күннің жазына  
Жердің жүзін шанлатты.  
Өз алдына сыйлады,  
Құда мен дос, жекжатты.  
Арқасына жапты кеп,  
Иық ішік жаннатты.  
Бере-бере, жазғанда  
Дөнен мен бесті қалмапты.  
Араласа жылқысын  
Күнан менен тай қапты.  
Бәйбішемен сөйлесіп,  
Халқыменен кенесіп,  
Кой беруді ұннаны.  
Баз біреулер ешкі алып,  
Баз біреулер койды апты,

Бір алғаны екі алып —  
Ойламапты ұятты.  
Баз біреулер қолдан ап,  
Баз біреулер ұрлапты.  
Бұл келген адам ішінен,  
Үлкен менен кішіден  
Демейді ешкім құрғапты.  
Оныменен тұрмапты,  
«Сүйінші» сұрап тұнімен,  
Бірін-бірі тонапты.  
Екі жылы өткенсін,  
Үшінші жылы жеткесін,  
Ай мен күндей қыз тапты.  
Құдіреті күшті бір бала  
Жылатып жүріп жұбатты.  
Келді халқы қуанып,  
Бір жерге бәрі жиналып,  
Оңайдан берді жаратқан  
Тапқан жок бірін қиналып.  
Қайтадан келіп су акты,  
Көл еді қалған суалып.  
Әркімді алла қуантқай,  
Арт жағы қалмай қуарып,  
Алпамыс деп ат қойды,  
Халықта мәшһүр шығарып.  
Кызының аты Қарлығаш,  
Аш белге түскен сүмбіл шаш.  
Енді бұлар ер жетсін  
Қояйын біраз доғарып.

Әлқіссса, «Шекті» деген елінде Сарыбай деген бай бар еді, онда да перзент жок еді, Байбөрімен екеуі сөйлескенде арман қылар еді: «Біреуімізден ұл, біреуімізден қыз туса, екеуміз кү-

да болсақ, қыз бен баланы кемеліне келтіріп, екеуін қосып бұл дүниеден өтсек, арманымыз қалмас еді-ау» — деп, жылайтын еді. Сол уақытта Сарыбайдың қатыны бір қыз туып, оның атын Гүлбаршын қойды. Екі бай бірінен бірі «сүйінші» сұратып, құда болды. Құйрық жеп, бетке үн жағу солардан қалды. Сонымен Алпамыс бір жыл қалындық ойнау осылардан қалды. Сонымен Алпамыс бір жыл қалындық ойнады. Сол кезде күндерде бір күн Сарыбай ойланды: «Менің күйеуім Алпамыс жалғыз болды, егер жазатайым өліп кетсе, қызым Ұлтан құлға қор болар, қызымды бермей, жер ауып көшейін», — деп ойланып, «Шекті» елімен тегіс көшіп кетті. Сол уақыттарда Алпамыс он жасқа толып Жиделі-Байсын жеріне, қалың Коңырат еліне бек болып, жүрт сұрап (басқарып) тұрды. Ойнап жүріп ұрған баласы өліп қала беретін болды. Жүрт баласын далаға шығармай үйінде сактады. Бір күндері Алпамыс ойнауға бала таба алмай, жаландал келе жатып бір өрмек құрып отырған кемпірдің қасында үйқтап жатқан баланы көріп: «Ей, бала, тұр ойнаймыз», — деп тұртіп қалса, бала оны көтере алмай өліп қалды. Сонда кемпір өрмегінен түрегеп Алпамысқа қарап айтқан сөзі еді:

«Далада мен отырмын құрып өрмек,  
Жалғызды қасымдағы қылып өрмек,  
Баламды жалғыз менің өлтіргенше,  
Алсайышы Гүлбаршынды, ку жүгірмек.

Бекерге жүрт баласын қырып жүрсін,  
Ойына келгенінді қылып жүрсін.  
Сарыбай қызын бермей, кетті қашып,  
Несіне ойын ойнап күліп жүрсін?»

Есіткесін бұл сөзді  
Алпамыс берен тұрады.  
Сұнкардай мойын бүрады:  
«Түсінбедім, шешежан,

Қайтадан айт!» — деп сұрады.  
Сонда кемпір сөйледі:  
«Атадан жалғыз туғансын,  
Туғаннан белің буғансын.  
Сайып қыран ер болып,  
Қанменен қолың жуғансын,  
Талай бала қырғансын.  
Шекті деген елінде  
Сарыбай деген бай еді.  
Жалғыз қызы Гүлбаршын  
Он бесте туған ай еді.  
Жасыннан саған айттырған  
Гүлбаршын сұлу жар еді.  
Сарыбай бір күн ойлады,  
Алғыр құстай бойлады:  
«Жалғыз қызым бермеймін  
Артынан бала тумады.  
Алпамыс қыран өледі,  
Артында жок көмегі.  
Алпамыс батыр өлгенсін  
Күлға қызым тиеді.  
Күлға қызым тигесін  
Қандай қорлық көреді?»  
Осыны ойлап Сарыбай  
Бөліне көшіп жөнеді.  
Күшің болса барсаншы,  
Жесірінді алсаншы!  
Намысынды ойламай,  
Қай жерден күлкің келеді?»  
  
Есіткенсін бұл сөзді  
Алпамыс батыр камыкты.  
Жаман екен жалғыздық,

Інісі жок бол тарыкты.  
Ор текедей секіріп,  
Жалғызын деп өкіріп,  
Аулына қарай салыпты.  
Аузын ашты келді де,  
Жұдырықпен бір ұрып,  
Қырық кез бозат сандыктын.  
Саймандарын сайланып,  
Алтыннан кемер байланып,  
Жылқыға қарай жөнеді.  
Мінейін деп шоныкты  
Ұстай алмай ешбірін  
Баланың көnlі торыкты.  
Әстіп жылап тұрғанда,  
Ошақтай бар жауыры  
Тартылып қалған бауыры  
Жал-қүйрықтан дымы жок,  
Шабатұғын күйі жок,  
Заты арық демесен,  
Сұлұлыктан міні жок,  
Құнан тісін тастаған  
Шұбар дөнен жолықты.  
Ұстай алмай ешбірін  
Ер Алпамыс жылады,  
Қайғымен көзін бұлады.  
Баяғы көрген Байшұбар  
Мені ұста деп жануар  
Көлденен тартып тұрады.  
Мінбеймін деп Алпамыс  
Жүгеннемен басқа ұрады.  
Жүгендеге деп басымды  
Жүгентеге мойнын бұрады.  
Ашуланып Алпамыс

Жүгенімен басқа ұрды.  
Елемеді оны да  
Қарсы алдынан тақ тұрды.  
Ашуланып Алпамыс  
Құйрықтан алып лақтырды.  
Жығылымады онымен  
Такыр жерге тақ тұрды.  
Сол уақытта Алпамыс  
Карадан шыққан төре еді,  
Не салсаныз да көнеді.  
Шұбар атты абайлап,  
Ақылмен ойлап біледі.  
Ұстайын деп жақында,  
Қасына таман келеді.  
Мойын сұнып жануар  
Жүгенге басын береді.  
Сол уақытта шұбар ат,  
Төрт аяғы тең болат  
Дұшпан ұстап алар деп,  
Өкіммен күрық салар деп,  
Жасырып бойын жүр еді.  
Жүгендеп басын алғанда  
Үстіне ер салғанда  
Сегіз жасар ат болды.  
Дөнен мен бесті бір еді.  
Арқа-басын сипалап,  
Шұбарды бала ұстады.  
Ашуы жаман қыстады,  
Үйіне де келмеді,  
Мен кетемін демеді,  
Жалғыз бауры Қарлығаш  
Кетерін де білмеді.  
Саймандарын сایланып,

Алтыннан кемер байланып,  
Абжыландай толғанып,  
Қызыл найза қолға алып  
Шұбарға қарғып мінеді,  
Құдайдан медет тіледі.  
Қарғып мініп жас бала  
Ашуы кернеп жөнеді.  
Ләшкөр тартып келеді  
Ауыздықпен алсып.  
Ұшқан құспен жарысып,  
Кей жерде бала шоқытып,  
Кей жерде басын төгеді.  
Бір күн шапса шұбар ат  
Айлық жер алып береді.  
Осыменен ұдайы  
Он екі күн жүреді.  
Айналдырып санаса,  
Он екі айлық жер еді.  
Бет алдында тәбе бар  
Тәбеле шыға келеді.  
Олай-былай қарады,  
Сұнқардай көзін (қадады),  
Қарай-қарай баланың  
Екі көзі талады.  
Астындағы шұбар ат  
Сүмбідей болып жарады.  
Бет алдына қараса,  
Будақ-будақ шаң көрді,  
Бұл қалай деп таң көрді.  
Шаң астына қараса,  
Айшықты ала ту көрді.  
Ту астына қараса,  
Жер қайысқан қол көрді.

Кол артына қараса,  
Ақ шатыр мен көк шатыр  
Баратын тұра жол көрді.  
Аяғының астында,  
Тактай тастың бетінде,  
Жазылған таста хат жатыр.  
Хатқа бала қараса,  
Іші толған тамаша.  
Талай-талай кеп жатыр;  
Түсінбеген түсінсін  
Болмаған бұрын сөз жатыр.  
Қалмактарда бар екен,  
Караман деген бір батыр.  
Әрқайсысы бір мыннан  
Қызметінде көп батыр.  
Он қарадан бір қара  
Зекеттеп алып жеп жатыр.  
«Гүлбаршын сұлу шонықты  
Бересін маған»,—  
деп жатыр.

Көкпарын шауып күніге,  
Қыз ойнағын қып жатыр.  
Гүлбаршын тұр көнбестен  
Қыз ойнағын көрместен.  
Сарыбай тұр жалғызын  
Калмаққа ұстап берместен.  
Арасы да бұлардың  
Олқы-толқы бол жатыр,  
Семізін таңдал жегенсін.  
Өзіне кезек келгесін,  
Бір күндері Гүлбаршын  
Үйінен түнде қашады,  
Қөңілін қайғы басады.

Ата-анаға көрінбей  
Еш адамға білінбей,  
Кетуіне ерінбей  
Талай қырдан асады.  
Енді таудан өте алмай,  
Жиделіге жете алмай,  
Жалғыз өзі кете алмай,  
Катты жаман сасады.  
Осы жолмен жүрсе деп,  
Алпамыс жалғыз келсе деп,  
Жазған хатты көрсе деп,  
Тасқа қалам басады:  
Алпамыс деп ат жазып,  
Өзінің атын қосады.  
Көрген күнім осы деп,  
Көзінің жасын шашады.  
Әйелдің жолы жінішке,  
Жұмысы кетті теріске.  
ТАҒЫ да қайтып кетеді,  
Тұніменен жүгіріп,  
Қыз үйіне жетеді.  
Құдіреті құшті құдайым,  
Жарылқаса не етеді?!

Қыз үйіне кіргенше  
Алпамыс хатты көргенше  
Арасында бұлардың  
Ұзак сағат өтеді.  
Ауғаннан соң елінен  
Шалқыған шалқар көлінен.  
Жерінен ауған жеке онбас,  
Ауғаннан соң жерінен.  
Гүлбаршын қызын ап қашып,  
Алпамыс қыран тенінен.

Караманға кез болып,  
Тапқандай болды пейлінен.  
Аруақ мені ұрды деп,  
Кетпейді осы қөnlінен.  
Караманға қараса,  
Түсі де сұық темірден.  
Қайратына мас болып,  
Тізесін шайнап кемірген,  
«Қорықса қызын берсін,— деп,—  
Зорлығыма қөnsін»,— деп,  
Жеп жатыр малын семірген.  
Үш мәртебе оқыды,  
Әр сөзін ішке тоқыды.  
Сөз осы хатта көрінген  
Көрді оқып жас бала,  
Қайратқа сенген мас бала.  
Өз айтқаны болмаса,  
Көнбейтін бұл масқара.  
Ойланды енді бармакка  
Сол елден хабар алмаққа.  
Қазақ болса қайрылып,  
Әңгімеге қанбаққа.  
Қалмақ болса зарада \*  
Ойлады қырғын салмаққа.  
Рас болса хат сөзі  
Ойланды өліп қалмаққа.  
Осыны бала ойланып,  
Алғыр құстай бойланып,  
Кызыл найза қолға алыш,  
Абжыландай толғанып,  
Шұбардың басын төгеді,

Колтығын шұбар сөгеді.  
Ерігіп жүрген жануар  
Төгіле басып жөнелді.  
Эне-міне дегенше,  
Қолтықтан тері келгенше,  
Қазақ пенен қалмақтың  
Арасына келеді.  
Ұйып жатқан қалмакты  
Көзіменен көреді.  
Жердін жүзі қайықсан  
Есепсіз қалмақ көп еді.  
Бұл қалай деп сұрауға,  
Жолығып ешкім келмеді.  
Рас екен өзі деп;  
Тасқа жазған сөзі деп,  
Кыз сөзіне сенеді.  
Буырқанып,  
бұрсанып,  
Мұздай темір құрсанып,  
Ашуы қысты денені.  
Айдаһардың тіліндей,  
Салса кеткен білінбей  
Кынабынан сұрып,  
Колына алды беренді.  
Ат қойып жалғыз барсам деп,  
Жазым болып қалсам деп,  
Артында көмек жоқтығы  
Ойына ердін келеді.  
Ата-анасын ойланып,  
Жалғыздық түсіп басына  
Көзінің жасын төгеді.  
Жад қылып жылап еренді,  
Сондағы айтқан сөзі еді:

\* Зарада (зәуде) — егер деген сөз.

«Жад кылып әуел алланы,  
Тапсырдым шұбар аланы.  
Жалғыз баурым Қарлығаш,  
Тапсырдым алла өзіне!  
Артымда жалғыз қараны  
Көретүғын күн қайда,  
Ата менен ананы!  
Жердін жүзі (қайыскан),  
Қалмақтың түрі жаман-ды.  
Иірген қойдай кораға  
Қазақты қалмақ камады.  
Жалғыз өзім шырқырап,  
Бұзамын қайтіп қамалды?!

Он қарадан бір қара,  
Салып түр бетке жараны.  
Қайда барып төгемін  
Ішімдегі сананы?!

Қыз деген ердін олжасы  
Әлі жеткен алады.  
Бұрынғыдан соңғыға  
Қалған өрнек болады...  
Көнбеймін деп корлыққа,  
Кім шыдайдеп зорлыққа,  
Алатаулап айқайлап,  
Шетінен келіп тиеді.  
Алатаулап ат коймақ  
Орта жұздің ұраны.  
Алпамыс айтқан кеп еді.  
Сол уакта Гүлбаршын  
Үйіне жана кеп еді.  
Әкесі мен шешесі  
Кайдан келдің деп еді?  
Күркіреген құндей боп,

Алыштан келген тілдей боп  
Алпамыстың айқайы  
Құлағына келеді.  
Кепті ғой деп Гүлбаршын,  
Көзінің жасын төгеді.  
«Тілегінді берді деп,  
Алпамысың келді»,— деп,  
Әкесі мен шешесі  
Бетінен келіп өбеді.  
Енді Алпамыс бақырып,  
Алатау ұран шақырып,  
Қалмаққа жалғыз тиеді.  
Қойға шапқан бөрідей  
Талқандап куып бөледі.  
Алтын сапты ақ берен  
Деммен тартып тиеді.  
Кейбірінің кесіп келдесін  
Кейбіреуін тіледі.  
Қалмақтар атқан қалың ок  
Жаңбырдай болып тиеді.  
Еті түгіл баланың  
Терісіне кірмеді.  
Файып-ерен қырық шілтен  
Баланы колдап демеді.  
Жанып тұрған жалындаі,  
Құбылып тұрған сағымдай  
Шабылып шұбар терледі.  
Терлеген сайын өрледі  
Ана шетте бір көрсе,  
Мына шетте бір көреді.  
Жүрсін бала сонымен,  
Ерлердің салған жолымен.  
Ауып келген халайық

Мұнан да хабар алайык:  
«Шекті» деген ел еді,  
Алты шекті Арғынның  
Дем алатын бел еді.  
Ә дегенде, мә дейтін  
Ішінде ерлер көп еді.  
Қашама батыр болса да,  
Қалмаққа әлі келмеді.  
Корқыныш кетіп қазактар  
Сонынан бәрі ереді.  
Тышқан алған мысықтай  
Тамашасын көреді.  
Әр жерден сүйреп өлігін  
Бір жерге бәрін үйеді.  
Май құйып отқа ерітіп,  
Жынды адамдай құледі.  
Тізеден шұбар қан кешіп,  
Шапылдаш шауып жүреді,  
Сол уақытта бір қалмак  
Барды қашып ханына.  
Найза тиіп көк еттен  
Өлмейтін қылған санына,  
Жер-жаһанды ластап,  
Судай ағып қаны да.  
Етпетінен жырылды,  
Ханның барып алдына:  
«Ей, Қараман, Қараман,  
Әкім' болдын жасынан!  
Айдай әлем қараған,  
Шұбар атты бір бәле  
Кепті бүгін даладан.  
Эскердің бәрі қырылды,  
Сол келген жалғыз баладан!

Келбетіне қарадым,  
Қалмайды мұнан жан аман.  
Біле алмадым мәнісін,  
Ірі көрдім жұмысын.  
Айтайын сізге қылысын,  
Эскердің бәрін қырысын,  
Жапырып барад жалындаі,  
Баланың түрі құрысын!  
Шапқаның ешкім көрмейді,  
Өлгенін ешкім білмейді,  
Сілтегенде қылышын.  
Жаралы болып санымнан  
Бітіп түр менің тынысым.  
Гүлбаршынды алам деп,  
Сенің де бітсін көрімін.  
Білмедім өзі қалмақ па,  
Қалмақ емес қазақ па,  
Егер де қазақ болмаса,  
Қалмаққа келген ғазап па?!

Бұған өзің бармасан,  
Қаласың ақыр ұятқа.  
Жасырынған сайменен  
Көк алалы тайменен  
Бар екен бәле бү жакта.  
Халықтың бәрін қырдырып,  
Жатасың ба жыракта?  
Сұлуды алма ойына,  
Бермейді сенің қолыңа.  
Жанып тұрған бір жалын  
Келіпті бүгін сорына».  
Мұны естіп Қараман  
Ашуланып долданып,  
Жіберді тұлпар қара атқа.

Тағы да біреу шаптырып,  
Сауыт, сайман, жараққа.  
Ашуы қысып дірілдеп,  
Қоспак нардай күрілдеп,  
Қарайды қалмақ жан-жакқа.  
Ақырын құдай ондағай,  
Күллі әулие қолдағай,  
Киын болды бейбаққа.  
Ашууланып Қараман  
Мінеді тұлпар қарасын.  
Ер-тоқымын саймандап,  
Басынан алды дорбасын.  
Қырайын деп ойлады  
Қазақтың құллі қылышын,  
Қолына алды наизасын.  
Сәскелік жерден шашшады  
Таптырмайды айласын:  
«Осы бүгін қылайын,  
Көрінсе казақ қырайын.  
Бұл күшімнің көремін  
Қай уақытта пайдасын?...»

Басына қалқан төнкеріп,  
Сауытын алдын киініп.  
Саймандарын сайланып,  
Әбден алды түйініп.  
Лашын құстай құйылып,  
Қабағы тастай түйіліп,  
Жауатұғын бұлдыттай  
Келе жатыр қалмақ құбылып.  
Келе жатса жолында,  
Қалмактардың өлігі  
Өртеніп жатыр үйіліп.

Долдыққа симай Қараман  
Тістеніп келед кіжініп.  
«Қай жақта,— деп,— қазактар?»  
Қарайды қалмақ үніліп.  
Әр төбеге шығады,  
Қылышын алып сұрылып,  
Айбатпенен айқайлап,  
Жердің жүзін қуырып.  
Мұны көріп Гүлбаршын  
Жанынан кетті түніліп.  
Қысылып, зарлап тарықты  
Көзінің жасы төгіліп.  
Гүлбаршын сұлу жылайды,  
Көзінің жасын үлайды.  
Жат қылып жалғыз жаппарды,  
Баланың жаның сұрайды  
Жеттім деп жалғыз түбіне  
Сұлұлықтан таптым деп,  
Жылай берді егіліп.  
Қабырға кетті сөгіліп,  
Сол уақытта Алпамыс  
Шұбар атын (тыныстап)  
Тұр еді келіп кідіріп.  
Туған айдай жалтырап,  
Көзіне қалды көрініп.  
Батырды көріп Гүлбаршын  
Тұра алмады (керіліп).  
Неше алуан киініп,  
Касы-көзі қылылып,  
Алпамыстың қасына  
Жетіп келді жүгіріп.  
Сол уақытта Алпамыс  
Кызға назар салмады,

Сәлем берсе, алмады.  
Қалмақты көріп құнтиып,  
Ұрыспағын қамдады.  
«Менсінбей батыр тұр ма?», — деп,  
Каары қыздың қалмады.  
Көзінің жасы көл болып,  
Келді де сұлу зарлады:  
«Айналайын, қарағым,  
Құтты болсын талабын!  
Алла тағала жар болып,  
Оныңнан тұрсын самалың!  
Сен өлсөң егер, мен күйдім,  
Жазым боп тайса табаның!  
Келеді қалмақ құркіреп,  
Айтқалы келдім хабарын.  
Тайлы бие, тоғыз қой,  
Жеп шықты жана тамағын.  
Өлуі қын қалмақтың,  
Бермесе алла амалын.  
Тілімді алсан, қаш енді,  
Болады қандай заманың?!»  
Сонда Алпамыс сөйледі:  
«Ашыса жаның, Гүлбаршың,  
Жолама менің қасыма!  
Нелер келіп, не кетпес,  
Ер жігіттің басына.  
Сонша жерден келгенсін,  
Ар қылмай ерлер каша ма?  
Жалғыздың жары бір қудай  
Біреуден біреу саса ма?  
Әйелдік қылмай қайт жылдам,  
Еркекті әйел баса ма?  
Пешенеге жазылсан,

Бүйрықсызға қоса ма?  
Үйіне бар да жата бер,  
Сабырсызға ұсама!»  
Мұны естіп Гүлбаршың  
Кетті қайтып қуанып.  
Бала да болса, баланың  
Айтқанына жұбанып.  
Кіші-гірім таудай бол  
Келеді қалмақ қуарып.  
Құлді: «Қазақ қайда? — деп,—  
Шұбар атты бала», — деп?!  
Айқайладап даусын шығарып.  
Қараманды көргенсін,  
Жақындастып келген сон,  
Сонда Алпамыс сөйледі:  
«Жаратқан, жаппар құдайым,  
Дергейіце жылайын.  
Кашпағым менің ар шығар,  
Өлсем де қарсы тұрайын.  
Қабыргам болса, қатқан жок,  
Барма деп атам айтқан жок,  
Енді қандай қыламын?»

Осыны айтып болғанша,  
Шұбарды кейін бұрғанша,  
Айтып ауыз жиғанша,  
Карап көзін тиғанша  
Жетіп келді Қараман  
Алпамыстың қасына.  
Колындағы күрзімен  
Кетті салып басына.  
Осы ұрған күрзіге  
Құлар еді шапқанда,

Койқаптын тауы, тасы да.  
Атының жалы сел болды  
Көзінің аққан жасына.  
Ұстайтын еді Қараман,  
Сәл тұрғанда қасында.  
Қарғып кетті шұбар ат  
Шыдай алмай астында,  
Устінде бала бар еді,  
Келмеді әлі басына.  
Ап қашты шұбар баланы,  
Құла дүз мидай далаға.  
Қараман қамшы басты енді  
Астында Шұбар алаға.  
Енді қалмақ бір жетсе,  
Мұнан да адам қала ма?!

Бала жылап барады  
Жаратқан жалғыз аллаға.  
Жалынады жас бала  
Астында Шұбар алаға:  
«Айналайын, Шұбар ат,  
Колтығында бар қанат,  
Тастан кетпе апарып,  
Адам көрмес салаға.  
Өлігімді тастамай,  
Аман-есен алып бар,  
Ата менен анама!  
Мүйіз шықпас басына,  
Иен жоқ өзің барғанда.  
Барғанында не дейсін,  
Жиделі-Байсын қалаға?!

Мұны естіп Қараман,  
Салып кетті қамшымен



Қара тұлпар санына.  
Қамшы үстіне қамшы ұрды,  
Бір жетсе деп балаға.  
Ашуланып Қараман  
Тұлпарды ұрды сауырладап,  
Жетпедің деп Шұбарға  
Ұра берді бауырладап.  
Жамандатқыр ит Қара ат,  
Келе ме деп ауырладап.  
Шабықсанды айып жок,  
Келеді желдей зуылдалап.  
Жеткізбейді Шұбар ат,  
Атқан оқтай зырылдалап.  
Құйындай ұшып келеді,  
Жал-құйрығы суылдалап.  
Үстінде бала барады,  
Қаншама қамшы ұрса да  
Аяғын өре бастады,  
Шабыска шабыс қоспады.  
Ауырладап келе жатыр деп,  
Сауыт-сайман жарагын  
Әр жерге қалмақ тастанады.  
Женілденіп алды да  
Енді шап деп қыстады.  
Жарактың бәрін тастанады,  
Бір іске құдай бастады.  
Мұны біліп Шұбар ат  
Қиқаңдан ұзап қашпады.  
Құдайдан қуат болғансын,  
Бала да қорқып саспады.  
Сол уақыттар болғанда  
Жарактың бәрі қалғанда,  
Бозторғайдай шырылдалап.

Шұбарға тұлпар жетеді.  
Қаруы жоқ қолында  
Жеткенмен қалмақ не етеді?!

Коя берсөң Шұбар ат  
Күндік жерге кетеді.  
Жеткен жері тұлпардың  
Абсифан апан бет еді.  
Қалт бергенде жалт беріп,  
Қараманды Алпамыс  
Ұрып-ұрып кетеді.  
Каршығадай қайрылып,  
Ителгідей сүзіліп,  
Ұрып-ұрып өтеді.  
Ұрған сайын Қараман  
Қарақұстай қалбандап,  
Құрбаң-құрбаң етеді.  
Жақындасып, жанасып,  
Тұлпар мен Шұбар жарысып,  
Құйындарты Шұбарды  
Басымен бала алысып.  
Тістенеді Қараман  
Қасқырдай жағы қарысып.  
Бір арманы қалмақтың  
Көрмедин дейді алысып.  
Кетпесін деп арманда,  
Өтіп кетті бір жерде  
Бір-бір қамшы салысып.  
Каршығадай қайрылып,  
Қалмақты бала бір ұрды.  
Жасқанайын дегенде  
Қолын ұрып сындырып,  
Тағы да шапты қылышпен.  
Оңбады қалмақ бұл істен,

Эне-міне дегенше  
Екі қолын сындырып.  
Ұрыстан өзін тындырып,  
Екі қолын сындырып,  
Доңыздай қалмақ шыңғырды.  
Енді бала құтырып,  
Ителгідей жұтынып,  
Жетіп келді ұмтылып.  
Жағасынан ұстады,  
Буындырып қалмақты  
Ат үстінен мұштады.  
Бағана жеген құйрығын  
Ә дегенде-ақ тастады,  
Сүйтеп-сүйтеп Қараман  
Кесектеп қанды құсады.  
Ұстады бала жағадан,  
Айрылды патша бағадан,  
Қайта шапты Шұбар ат.  
Шығарып қекбар қорадан  
Қай женгені келер деп,  
Женгенге сұлу тиер деп,  
Әр тәбенің басында  
Қазақ пен қалмақ қараған.  
Құйындарты Шұбар ат  
Өте шықты арадан.  
Құлмеген адам қалмады  
Женілген соң баладан.  
Гүлбаршының алдына  
Қекбар әкеп тастады  
Өңгеріп серке даладан.  
Созылды даудың аяғы;  
Өшігіскен қатындар  
Жиналды түгел баяғы.

Өлтірмекке қалмақты  
Алқымға пышақ таяды.  
Сонда қалмақ қорықпайды,  
Өлімнен жоқ хабары.  
Өңкей әйел болғансын  
Қайтеді дейді (қияны).  
Әйелдер болды жүректі,  
Сыбанды екі білекті,  
Зорлығын көрген қалмақтың  
Берді деп құдай тілекті...  
Айтуынша сыйғы.  
Жанды жерден жарылып,  
Күрылдаپ қалмақ жөнелді,  
Дүниенің болмай баяны.  
Дәу қалмақ деген сол  
Қалғансын болды жарағы.  
Жауға барсан кесерді ал,  
Дауға барсаң шешенді ал!  
Жарақсыздың мәнісі  
Кетеді өстіп аяғы.  
Енді бала алшандап,  
Қайраты тасып қалшылдаپ,  
Койға шапқан бөрідей  
Жан-жағына ырсылдаپ.  
Әлемді алды айбаты,  
Қабыландай арсылдаپ.  
Астында шұбар ойнақтап,  
Аузынан көбік балшылдаپ,  
Омыраудан аққан тер  
Бақайына тамшылаап,  
Мысалы үрген mestей бол,  
Ұсталар соққан пештей бол,  
Денесі кетті тырсылдаپ.

Шұбар атын қантарып,  
Қалмақтан кегін қайтарып,  
Түсті барып бір жерге.  
«Алпамыс күйеу келді! — деп,  
Қалмақтың бәрін женді!» — деп,  
Тартылды керней әр жерге,  
Құданың қалай беруі  
Мың ердің күшін бір ерге?!  
Алпамыс қыран келмесе,  
Көз жасын құдай көрмесе,  
Корқыныш кіріп қазақтар  
Көз жеткен еді өлуге.  
Алтын кілем үстінде  
Отырды толқып бұл елде.  
Хан қылып халқы көтерді  
Есебі жоқ көп елге.  
Қатындар ертіп жүгірді,  
Отауға барып кірерге.  
Қыздар да кетті қуанып,  
Гүлбаршынды әкеп берерге.  
Гүлбаршын сұлу жүгіріп,  
Мырзаның түсін көрерге.  
Лажын тапса аямай,  
Құрбан ғып жанын берерге.  
Жол тимеді арадан  
Құшақтап келіп сүйерге.  
Самаурынды қайнатып,  
Дастарқанды жайнатып.  
Қыздарменен шай келді.  
Шырын шекер, бал келді,  
Алтын леген үстінде.  
Эртүрлі тағам ішінде  
Қазы-қарта, жал келді.

Түрегел күйеу іззет қып,  
Қыздарға төрден жай берді.  
Гүлбаршын сұлу айдай бол,  
Қысыр емген тайдай бол,  
Оң жағына барды енді.  
Фашық оты жағылып,  
Абройы жабылып,  
Оң қолтыққа алды енді.  
Неше түрлі қылықлен  
Құйып отыр шайды енді.  
Қыз-бозбала ойынын  
Ортаға түгел салды енді.  
Арасында бұлардың  
Біраз мезгіл болды енді.  
Ұйқы алыш денесін,  
Қыздардың бәрі қалды енді.  
Оятса да оянбай,  
Сілесі катып қалды енді.  
Шымылдықтың ішіне,  
Мамық төсек үстіне  
Шаһи көрпе жайды енді.  
Ақкудай болып байпаңдал,  
Бәйге атындей қайқаңдал,  
Төсекке күйеу барды енді.  
Кермарадай керіліп,  
Басарына ерініп,  
Құбылып сұлу жанды енді.  
Назданып күйеу әзілмен:  
«Қай жакта шіркін мал?» — деді...  
Сұлу айтты қылмындал,  
Нешетурлі жымындал:  
«Керегің болса ал», — деді...  
Осыны айтып болды да

Коян алған қырандай  
Төсекке тартып алды енді...

Онда Алпамыс батыр қалмактарды көндіріп, келмегенін келтіріп, атасы Сарыбайды сол елге хан сайлады. Отыз күн ойын, қырық күн тойын ғып, Гүлбаршынды өзі алды. Бірнеше ай жатып, күндерде бір күн еліне қайтуды ойланып, қоштасуға халқын жинап алыш, рұқсат сұрады, ол елінде жақсылар ақылдастып, кенесіп қырық нарға зер артып, алтын отау жасап, Сарыбай қызы мен күйеуін шығарып салды. Бірнеше күн жол жүріп, аз ғана емес, мол жүріп, өзінің еліне келді.

Алпамыс батыр аман-есен еліне келсе, әкесі Байбөрінің жылқысын Тайшық хан деген қалмақ шауып әкетіпті. Онда Байбөрі «мал ашуы мен жан ашуы бір» дегендей тақат тұтып тұра алмай, баласы мен келініне қуанбай, келген дүниеге көnlі алданбай, ашуға шыдап тұра алмай Алпамыстың алдынан шығып, Байбөрінің айтып тұрған сөзі еді.

Байбөрі сонда сөйлемді:  
«Тумай кеткір, Алпамыс,  
Тұр көрінбе көзіме!  
Еш қайратың тимеді,  
Адам болып өзіме!  
Тайшық алды жылқымды,  
Құртып кетті мұлкімді,  
Тұр алдыннан кет! — деді,  
Кет деген сөзі кекті еді.  
Тайшық алған жылқымның  
Артынан қуып бар деді.  
Қалмақтан кегімді ал деді.  
Ала алмасаң кегімді,  
Пенде бол сонда қал» деді.

Сонда Алпамыс сөйледі;  
Сөйлегенде бүй деді:  
«Тайшық алған жылқының  
Ал, артынан кетейін.  
Шаһимардан жар болса,  
Артынан қуып жетейін.  
Жете алмасам, жан ата,  
Жылап жүріп өтейін!  
Ата, сенің сөзінді  
Күніге естіп нетейін.  
Атқа салдым терлікті  
Дүшпанға қылдым ерлікті.  
Мен кеткесін, ата жан,  
Көрерсін құлдан қорлықты.  
Атқа салдым пыстанды  
Мен кеткенсін, ата жан;  
Ақыры жерсін пүшманды.  
Әке сенің артынан  
Бес байталдық (бедірек) құл  
Анлып жүрген дүшпанды».  
Сол уақта осы сөз  
Қатты тиді өзіне.  
Қажырланса Алпамыс  
Жан көрінбес көзіне.  
Буырқанып, бұрсанып,  
Мұздай темір құрсанып,  
Алып келді шұбарды,  
Мойнына тағып тұмарды.  
Бейсенбі күні бесінде  
Тайшыққа қосын шығарды.  
Алты айлыққа жүрмекке  
Алпамыс берен ойлады.  
Алтын бауыр шұбардың

Басын жолға салады.  
Тұлпар туған шұбар ат  
Сүмбедей болып жарады.  
Үйіне де түспеді,  
Бір кесе сусын ішпеді.  
Тайшық алған жылқының  
Алпамыс атты жас қыран  
Артынан қуып барады.

Онда халқы жиналып келіп Алпамыстың кететінін біліп:  
«Ей, шырағым Алпамыс, жалғыздық құдайға жарасқан, жалғыз өзің барма, елінді жинап көппен бар!» — деді. Онда Алпамыс айтты: — Жұртым, жалғыздық жары бір құдай болсын, сіздер маған жандарың ашыса, көрсеткен көмектерін болсын, атам мен анамның қабағына қараныздар,— деді.— Эйелімнің ішінде жеті айлық бала қалып барады, ұл туса атын Жәдігер қойыңыздар! — деді. Осыны айтып, Алпамыс батыр Тайшыққа қосын шығарған күні, түнде жатып қалмақтың ханы Тайшық тұс көріп, түсінен шошынып ел-жұрттың жинап алып, өзі мұнараға шығып: «Түсімді жорындар!» — деп, халқына айтып тұрған сөзі еди.

Тайшық хан сонда сөйледі,  
Сөйлегенде бүй деді:  
«Е, жарандар, жарандар,  
Бәрің де бермен қарандар!  
Бүгін жатып тұс көрдім,  
Түсімде (жаман) іс көрдім,  
Заманам менің қағынды.  
Қағынбаса не қылды?  
Құрсаулы қара нар келіп,  
Қарсы қарап шабынды.  
Кезімнің жасы егілді,  
Қабырғам менің сөгілді.

Басымдағы тәж, дәулет  
Жерге барып төгілді.  
Бір арыстан өзіме  
Шабатұғын көрінді.  
Талқан қып алды шәһәрімді  
Талауға салды барымды.  
Екі бүйірін таянып;  
Алатұғын көрінді  
Қойнымда жатқан жарымды.  
Қаланың аузын қан қылды,  
Қақпаның аузын шаң қылды.  
Айдарлымды құл қылды,  
Тұлымымды тұл қылды,  
Солқылдаған мырзамды  
Табанға салып жүн қылды.  
Аузына қарадым —  
Сұлуды таңдал сүйгендей.  
Келбетіне қарадым —  
Қамқапты таңдал кигендей.  
Қабағы қалың сол бала,  
Тіпті шұнақ қу бала  
Шұбар ат мініп келеді,  
Сол Шұбардың дүбірі  
Құлағыма келеді.  
Мен білмеймін, тап сонан  
Қандай адам өлеңді?!

Жылағанда көзіме  
Қанды жасым тола ма?!

Тауға біткен бәйшешек  
Кураса, бір күн сола ма?!

Жиделі Байсын жерінен,  
Қонырат деген елінен  
Алпамыс атты жас берен

Атқа мінген бола ма?!

Алдынан шығып сол ердің  
Жылқысын берсем ала ма?!

Жылқысының кегіне —  
Кызымды берсем бола ма?!

Ер баласы ер еді —  
Кегін алмай қояр ма?!

Элқисса, халқы жиналыш айтты: «Е, тақсыр, түс деген тұлқінің боғы болады, қорықпаныз, ешнэрсе етпейді», — деп жақсыра жорыды. Онда Тайшық хан айтты: «Жок, оларың болмайды, онан да ойласып, ақыл табындар!» — деді. Ешкім амал таба алмады. Сол кезде жасы үш жүзге жеткен, көрінгенмен ұрысқан, қабағы қатып тырысқан, өзін туғаннан құдай атқан, бір кез ширек бойы бар, адам таппас ойы бар, тізесіне шекпен жетпеген, басынан жаманшылық кетпеген, басы мүйіз, бір мысттан кемпір келді. Ол айтты: «Патша, сіз өзіңіз патша болсаңыз, сол сияқты, дүшпанға жалғыз қызының Каракөзімді беремін дегенің қалай?» — деді. Самайынан ірің аққан, мұрнынан бок аққан менің таз балам бар, соған қызынды берсен, дүшпанаңынды байлап әкеліп, аяғының астына салып беремін», — деді. Онда патша: — «Құп болар», — деді. Қызын беретін болып уәде жасады. Онда кемпір қырық отау, қырық шөлмелек арак алды, ханның қызы Каракөзді бас қылып, қырық қызы алды, қырық отауды Алпамыстың келетін жолына тіктіріп, қырық қызының басына жаулық салып, келіншекше кіндіріп, қырық шөлмелек аракты әрқайсысына беріп, мысттан Алпамыстың жолын тосып жатты. Сол уақыттар болғанда Алпамыс батырдың мыстанға келіп жолығу:

Ел-жұрттымен қоштасып,  
Алпамыс батыр жөнеді,  
Ләшкөр тартып келеді,

Ауыздықпен алысып,  
Ұшқан құспен жарысып.  
Астындағы тұлпардың  
Ойынды еті бұлтылдап,  
Құйындай шаны бүркүлдап.  
Кұлақ салсаң дыбысы,  
Тау суындаі сыңқылдап,  
Қолтығынан аққан тер  
Тебінгіде сылпылдап,  
Маядай мойнын созады.  
Шу дегенде жануар  
Ұшқан құстар озады.  
Тарта-тарта баланың  
Алаканы тозады.  
Құланнан атты қорықты,  
Көлден тартты борықты,  
Арада неше қоныпты,  
Жетемін деп зорықты,  
Жете алмай бала торықты.

Талма түстің шағында  
Айдын көлдің бойында  
Тосып тұрған көлденен  
Мыстанға келіп жолықты.  
Тілеуің құрғыр қу мыстан,  
Сонда тұрып жылайды,  
Көзінің жасын бұлайды,  
Бір топ біткен шенгелге  
Күшақтап тұрып аунайды.  
Мұны көріп Алпамыс  
Кемпірден келіп сұрайды:  
«Далада тұрған, жан шеше,  
Мұнша неге жылайсың?»

Айтпаймысын сырынды,  
Шығарайын мінінді,  
Басын кесіп дүшпеннан  
Әперейін кегінді,  
Аман жүрсем табайын  
Кеүілдегі кірінді?!  
Жылай бермей шынынды айт,  
Өлтіріп мен берейін  
Дүшпандық қылған ерінді!»

Сонда кемпір сөйледі:  
«Күткенім, шырак, сен едін,  
Қамкорың сенің мен едім.  
Жиделі Байсын жерінен,  
Коңырат деген елінен  
Байбөрі деген бар еді,  
Байбөрінің жылқысын  
Тайшық хан алып жөнеді.  
Қырық балам бар еді,  
Қырқы да бірдей нар еді.  
Алдынан шықты жылқының  
Таласқан сон малына  
Бәрін де Тайшық өлтірді.  
Сол баланың шешесі —  
Мені мыстан дер еді.  
Ашылған баудай гүл едім,  
Сайраған қызыл тіл едім.  
Кеше күндіз құдайдан  
Алпамыс сені тіледім.  
Келеді деп есітіп,  
Жолынды тосып тұр едім.  
Айналайын қарағым,  
Құтты болсын талабың!»

(Жалғыз ием) жар болып,  
Онынан түрғай самалың.  
Женгелерің қасында  
Жатпаймысың, қарағым.  
Осы сөзбен ку кемпір  
Алдап ұрды ақылын.  
Сөзбенен бойын балқытты  
Алпамыстай батырдың,  
Міне сусын ішсөн деп,  
Алдап берді арағын.  
Мейірінді қандыр, қарағым,  
Бәрі менің қолымда  
Нұрдың қызы секілді.  
Қырық келінім жанымда.  
Атың болса шалдырып,  
Ұйқынды әбден қандырып,  
Жүресін ертең, шырағым.  
Қаза намаз қаза-ды,  
Тарттырар құдай жазаны.  
«Елім менің қайда? — деп, —  
Ерімді менің сайла?» — деп,  
Қырық келінім шуылдалп,  
Алады күнде мазамды».  
Бұл сөзіне кемпірдің  
Енді бала сенеді.  
Кез жасына жылаған  
Раһімі келеді,  
Жылқысының келгенін  
Ақылмен ойлап біледі.  
«Кел, шеше, атқа мінгес» деп,  
Узенгісін береді.  
Байшұбарға мінбекке  
Дүшпан, зәлім, ку мыстан

Оңтайланып келеді.  
Адамнан есті жануар  
Қос аяқтап тебеді.  
Сонда кемпір құлады,  
Ұзыннан сұлады.  
Жатып есі танады,  
Бір мезгілдер болғанда  
Көтеріп басын алады.  
Байшұбарды жамандап,  
Алпамыска қарады:  
«Тауға біткен андызым,  
Суға біткен жалбызым,  
Жабыны жауға мінгендей  
Нешеу едің, жалғызым?  
Бәлені жабы бастайды,  
Жігіттің жолын ашпайды.  
Ара күндік жол жүрмей  
Аяғынан ақсайды.  
Әжетіне жарамас,  
Жау жеріне тастайды.  
Жабыны мінсен онай ма,  
Айналайын қарағым,  
Қазанат мінсен болмай ма?  
Қарағым, сенің жолында  
Құрбандық болып өлейін!  
Еркелігің қалмапты,  
Алпамыс, саған не дейін.  
Астындағы Шұбардың  
Басын кесіп тастай көр.  
Қазанат тауып берейін.  
Мұсылманға бас бала,  
Қалмақтарға қас бала,  
Сен бір байдың жалғызы

Жана өспірім, жас бала!  
Сырты түкті ку жабы  
Қылады-ау бір күн маскара!»  
Доддыққа симай Алпамыс  
Денесін ашу камады.  
Ақ қанжарын суырып,  
Заманасын қуырып,  
Шұбарды басқа шабады.  
Файып-ерен қырық шілтен  
Қылышты қолдан қағады.  
Тайып кетіп қылыши  
Қара жерді қабады.  
Ат үстінен шіреніп;  
Бір алладан тіленіп,  
Қылышын зорға алады.  
Атана нәлет ит мыстан  
Бұған да амал табады.  
Алдына тұсіп бүкендең,  
Енді кемпір жүгірді,  
Омыртқасы бүгілді,  
Келе жатып сөйледі,  
Сөйлегенде бүй деді:  
«Жау қайырып тұрактар,  
Астында Шұбар ойнақтар.  
Бүкен-бүкен желеді,  
Жау мұқатып береді.  
Алпамыс балам келеді,  
Шықпаймысың даға  
Шуылдаған, шұнақ қар!»  
Ерлер мінер алаға,  
Көңлім толды санаға.  
Жаман, жаксы болса да  
Жазудан адам қала ма,

Өнкей сұлу шуылдаپ,  
Жүгіре шықты дуылдаپ.  
Шылауынан ұстады  
Жан-жағынан қамалап:  
«Аттан тұс», — деп қыстады.  
Көтеріп аттан алады,  
Ақ кілемге салады.  
Перизаттай қырық зайып.  
Көтеріп алып барады.  
Көтеріп үйге кіргізді,  
Алпамыстай төрені.  
Кезекпенен арағын  
«Алдиярлап» береді.  
Біреуі беріп кеткесін,  
Кезегі нәубет жеткенсін,  
Біреу және келеді.  
Қасын қағып, ыржиып,  
Езуін тартып күледі.  
Жана өспірім жас бала  
Күлгенін қызық көреді.  
Біреуі асқан бірінен  
Мін табылмас түрінен,  
Қыздар да қызыл гүл еді.  
Қырық қақпалы қаладан,  
Қала менен даладан,  
Әр жерден сұлу кеп еді.  
Ұзын да емес, қыска емес,  
Бойы да бірдей тен еді.  
Жана шыққан он бірге  
Бір жылда шыққан төл еді.  
Ханның қызы Қаракөз  
Ішінде жүрген сері еді.  
Заты адам десе де,

Көргендер (пері) дер еді.  
Ақылменен аңғарып,  
Ер екенін біледі.  
Кемпірден көңіл сұтып,  
Ата-анасын ұмытып,  
Балаға көңіл бөледі...  
Уш мәртебе келеді.  
Айта алмады сонда да,  
Аңдыған қыздар көп еді.  
Сол уақыттар болғанда,  
Алдияры толғанда,  
Кіші бесін болғанда  
Аракты ішіп болады.  
Қырық қыздан ішіп қырық шиша  
Бала әбден тояды.  
Сонда мыстан келеді,  
Езуін тартып қүледі,  
«Іш, шырағым, іш», — деп,  
Өзі де құйып береді.  
Қапалайды шырак деп,  
Отауды келіп түреді,  
Отауды келіп түргенде  
Кек даңғыл келіп ұрады.  
Бетіне самал тигесін  
Алпамыс бала құлады.  
Бурадайын сакылдал,  
Күліседі көп шайтан  
Қылған ісін макұлдал.  
«Есіл бала, кеттін, — деп,  
Тұбіне өзің жеттін», — деп.  
Ханның қызы Қаракөз  
Бір шымшып кетті жакындал.  
«Жолама бұған шайтан, деп

Патшаға бұйтсен айтам», — деп,  
Қыздарды қуып қасынан,  
Алпамыстың басынан  
Ку мыстан тұрды тақылдал.  
Тігілген қатар әр үйдің  
Бірінен бірі кемі жок,  
Мінейтұғын міні жок  
Бәрі де бірдей болмаған,  
Асыл бұйым орнаған,  
Кіргендер қайтып шыға алмас..  
Қызғалдақтай жайнаған.  
Әрқайсысынан бір ұстап,  
Көргеннің көзі тоймаған.  
Жан-жағына алактап,  
Жынды адамдай бойлаған.  
«Алпамыс берен келер, — деп,  
Келсе үйге кірер», — деп,  
Басында кемпір ойлаған.  
Бірі — қызыл, бірі — көк,  
Жана піскен шиедей,  
Көргеннің іші қүйеді.  
Отаудың бәрін жықтырып;  
Алпамыстың ұстіне  
Қабаттап әкеп үйеді.  
Бұрынғыдан келе жатқан  
Осылай еді ертегі  
Отаудың бәрін өртеді.  
Бұлінсе, патша бұлінді,  
Кемпірдің несі кетеді.  
Бетке жалын тиер деп,  
Қыздар да қашып кетеді.  
Патшаға да барам деп,  
Келінімді алам деп,

Сертіне кемпір жетеді.  
Тұтіні шыкты аспанға  
Қарауылшы біледі.  
Тасты деген қаладан  
Әскер жетіп келеді.  
Алпамыстың үстінен  
Отын ашып көреді.  
Күрекпенен шоқ салса  
Жақында май сөнеді.  
Барлығы мұны көреді.  
От ішінде байлап ап,  
Тайшық ханың алдыла  
Бенде ғып әкеп береді.  
Кемпір әкеп бергенсін,  
Баланың түрін көргенсін,  
Тайшық хан кірді күшіне,  
Үрза болды кемпірдің  
Тындырып келген ісіне.  
Қараса бала дәл өзі  
Көрген шошып түсінде.  
Кемпірге төрден жол берді,  
Өлтірмегін он көрді.  
Аясын қалмақ несіне  
Кемпірді жаман есіртті.  
«Бес күнгі келген несібе  
Қандай күшім, патша?» — деп.  
Тұрды кемпір есіре.  
Сол уақытта падиша —  
Қалмақтан шыққан ер еді.  
Елде болса екі ер —  
Екеуінің бірі еді.  
Керней, сырнай тарттырып,  
Топ зеңбірек аттырып,

Кырық қақпалы қалаға  
Тегіс хабар береді,  
Бәрі де бұрын есітіп,  
Әр жерден адам кеп еді,  
Әрқайсысы бір мындық  
Ішінде дәулер көп еді.  
Ақыл салса бәріне  
Өлтіреміз дер еді,  
«Олай болса өлтір,— деп,  
Сабасына келтір»,— деп,  
Ортасына береді.  
Сол уақытта батырға  
Атса мылтық өтпеді,  
Шапса қылыш кеспеді,  
Файып-ерен қырық шілтен  
Қолтықтап сүйеп демеді.  
Суға салса батпады,  
Ұйқыдан бала қайтпады.  
Неше дәулер, неше ерлер  
Не қыларын білмеді.

Тайшық айтты халқына:  
«Қайтсек бала өледі.  
Тұра келсе орнынан,  
Жазамызды береді.  
Баяғы көрген қу түсім  
Айнымайды келеді».  
Ханың қызы Қаракөз:  
«Өлтірем, әке, мен,— деді,  
Жеті күн мен жеті тұн  
Қолыма менің бер,— деді.  
Мыстан кемпір, шеше жан,  
Өзің де маған ер деді.

Көрсетеін уакиға,  
Көзіңменен көр», — деді.  
Тілеуін құрғыр қу мыстан  
Қызы сөзіне сенбеді.  
Патшаға айтып айнытып,  
Қызы қолына бермедин.  
Сол уақытта Тайшық хан  
Қанша айтқанмен хан-дағы  
Өзіндігі бар-дағы,  
Бір ақыл ойлай бастады.  
Неше қызын жерлерде  
Жәк еді мұның сасқаны.  
Бұған ақыл таппаса,  
Абырайын жаппаса,  
Білед енді басқаны.  
Қимылдаса бұл бала  
Қалмак түр бәрі қашқалы.  
Тұра келсе орнынан  
Болатын әркім бас қамы.  
Патшаның сол күнде  
Қазулы оры бар еді,  
Сырнайдай аузы тар еді.  
Қакпағы бар ед ашпалы  
Ханы айтты халқына  
Апарып соған тасталы.  
Куанып халқы жүгірді,  
(Зынданың) аузын ашқалы  
Балалардың тобындей,  
Зенбіректің оғындей,  
Домалатып баланы  
Зынданға әкеп тастады.  
Жер түбіне жөнелді,  
Торғайдай болып мысалы,

Әлімге киды нәлдеттер  
Болғансын ақыр дүшпаны.  
Сол уақыттар болғанда  
Гайып-ерен қырық шілтен,  
Баланы жолда үстады.  
Күдікқа салған қауғадай  
Ешбір жері ауырмай,  
(Зынданың) келді түбіне  
Әлі жатыр үйқыда,  
Ешнэрсе жоқ көңлінде,  
Жалғыздықтың саудасы,  
Түсті ерге бір күнде.  
Далаға шықсан, жолдас ал,  
Жалғыз қызын тегінде.  
Келе түсті (зынданға)  
Ала алмай бала кегін де.  
«Алпамыс орда қалды» деп,  
Кім барад дейсің еліне.  
Еңбек қылсаң реті бар  
Салса біткен егінде,  
Пұлдың азы бір тын,  
Кім береді тегінге.  
Әрекет қылмай дүниеге  
Жеткендер бар ма кемелге,  
Әзір бала байланды,  
Жастай соры қайнады,  
Жеткенше қашан дегенге.  
Үйқысы қанды жатқансын,  
Арактың зәрі қайткансын  
Қарғып түрді орнынан.  
Караса, жатыр (зынданда)  
Арылмай бала сорынан.  
Шұбар ат жоқ астында

Кетіпті жарак колынан.  
Енді бала жылады,  
Келді деп заман қырынан:  
«Жат еттім әуел бір құдай,  
Құдіретіңе көnlім сай,  
Дергейіне жылаймын  
Біздерге қын сізге оцай,  
Жатырмын жалғыз (зынданда)  
Ойласам: «Болды бұл қалай?» —  
Атаңа нәлет, ку мыстан  
Кетіпті жерге тығып-ай!  
Тағы да адам болам ба,  
Жер бетіне шығып-ай?..  
Айналайын, жан ата,  
Өлгенде көрдің бір бота.  
Кетерімде бермедің  
Ықласыңмен ак бата.  
Дуа айтпадың кез болып,  
Жатырмын азап мен тарта.  
Өлшеулі күнім бар шығар,  
Қалыптың өлмей мен қайта.  
Карындасым, қарағым,  
Қөзімнен акты бұлағым,  
Ертеңді-кеш зарласам,  
Есітер ме екен құлағын,  
Ерлігімнен не көрдім?!

Қара жер болды тұрағым,  
Шығуым қын ойласам,  
Жетпейді қолым бойласам,  
Енді кандай қыламын?  
Бір емшектен еміскен,  
Тай құлындаі тебіскен,  
Карындасым, Қарлығаш,

Ақырын ақтан сұрағын!  
Су сұрасам бал берген,  
Жая десем, жал берген,  
Кәріп анам, қайтейін,  
Орда жатыр зарланып,  
Өлгенде көрген шырағын.  
Айналайын, жан ана,  
Өлгенде көрдің бір бала  
Бір ағаштың басында  
Көгертпедің екі алма.  
Бір құданың ісі күшті,  
Басқа салды мүшкіл істі,  
Үрза бол, ана, сүтіңе,  
Тірідей балаң көрге түсті».  
Осыны айтып болғанда  
Жылап, шаршап талғанда,  
Кеттім бе деп арманда,  
Орда жалғыз қалғанға.  
Шығатұғын күн қайда,  
Мынау бес күн жалғанға.  
Отырды бала зарланып,  
Кім бар, кім жоқ деп жылайд,  
Келгенше заман айналып,  
Өлі де емес, тірі емес,  
Әр қиялды ойланып.  
Сол уақыттар болғанда  
(Зынданға) кірді бір жарық,  
Раушан болып күндіздей,  
Атқандай болды тас жарып.  
Мысалы гауһар шам-шырак,  
Қарады бала аңгарып,  
«Тілекті алла берді,— деп,  
Бабаларым келді»,— деп,

Тәуетті барып айналып.  
Сол уақытта бір мысық  
Келді жетіп жүгіріп.  
Бір таба піскен нанды алып,  
Балаға нанды бермекке  
Ымқылады онланып,  
Неше күн жатқан аш бала  
Мысықтан жеді нанды алып.  
Өлмесе де өлімше  
Болған екен сандалып.  
Мысықты жұмсап отырған  
Ғайып-ерен қырық шілтен  
Баланы сүйеп қолға алып,  
Кетпесін деп бала өліп,  
Аруактар тұрды қозғалып.  
Жатқаны жалғыз болмаса,  
Шамасы қалды оңалып,  
Қан ойнаған баладай,  
Ойнады мысық бұралып,  
Баланың мейрін қандырды,  
Әртүрлі ойын шығарып,  
Ермектесіп отырды,  
Екі жактан құралып;  
(Не десе қеулі тынадыр)  
Келеді мысық күнде алып  
Сол уақытта Шұбар ат  
Алдына келсе тістеді,  
Әртүрлі жұмыс істеді.  
Артына келсе тебеді,  
Бетіне түгіл Шұбардың,  
Сыртына адам келмеді,  
Жем кояды шәбімен,  
Ешбірін Шұбар жемеді...

Қаншама көп болса да,  
Шұбарға әлі келмеді,  
Неше дәулер жабылды,  
Бәрін де Шұбар сүйреді.  
Біріне бірі соқтығып,  
Қабырғасы күйреді.  
Ұшып кетіп кәлласы,  
Қебейді қалмақ өлгені.  
Ордада тұрды ойнақтап,  
Шұбарға ешкім мінбеді.  
Жанның бәрін сәрсен ғып,  
Бір Шұбар ат қалдырды.  
Ашуланып падиша  
Әр жерден ұста алдырды.  
Енділігі жеті кез,  
Темір үйді салдырды.  
Темір үйге тастады  
Шұбар атты кіргізіп,  
Аптада берді бір бау шөп,  
Ашықтырып жегізіп,  
Он күнде суды бір беріп,  
Шөлге де қойды көнгізіп,  
Шыңжырлап мойнын ноқталап,  
Жетектейді жүргізіп.  
Шығармайды далаға  
Дарбазасын ілгізіп,  
Арықтатып Шұбарды.  
Бассақ дейді құмарды  
Патшаға да мінгізіп.  
Баланы тастап (зынданға),  
Шұбарды салып әлекке,  
Атана нәлет, қу мыстан,  
Еңбекті кетті күйгізіп,

Шұбар атты тындырып,  
Баланың белін сындырып.  
Мыстан патшаны көреді,  
Келе сөйлей береді:  
«Құлағың сал, патшамыз,  
Келінімді бер,— деді;  
Балаңа қызым берем деп  
Серт қылғансың, сен,— деді.  
Айның патша онынды айт,  
Есебін табам мен,— деді.  
Баланнан балам кем емес,  
Ұзатқаның жөн емес.  
Айыбы таз демесен,  
Балаңа балам тен!» — деді.  
Кемпірдің айтқан бұл сөзін,  
Халықтың бәрі жөн деді.

Сонда патша сейледі:  
«Тында сөзді, анамыз!  
Он бірде биыл баламыз,  
Жиырмаға келген соң  
Той-томалақ қыламыз.  
Тоғыз жыл мәулет берініз,  
Оған дейін шыдаңыз,  
Балаға бала үйренсін,  
Сізбенен біз құдамыз,  
Ана, сенің ісіне  
Тілекtes болып тұрамыз.  
Жақсылыққа жақсылық,  
Біз неге мойын бұрамыз.  
Бәрі сіздік болды гой,  
Жиған-терген малымыз.  
Казнадағы барымыз,

Жиырма жылға келген соң  
Келініңді алышыз.  
Көпті көрген көне едің  
Бұл сөзіме наныңыз,  
Қарар тапса көнілің,  
Үйіне енді барыныз!»  
Бұл сөзді айтып ырза ғып,  
Шығарып салды ханымыз.

Ендігі сөздің қыскасы,  
Бұрынғылардың нұскасы,  
Ханның қызы Қаракөз,  
Мұнан да хабар алышыз:  
Қаракөзім бір күні,  
Келді жетіп ханына,  
Айтайын деп (бір) сөзді  
Экесінің алдына.  
«Әке, маған отау бер,  
Тігейін барып саяға.  
Жұз серке бер ойнатып,  
Сап қояйын қораға,  
Бетіменен жайылсын,  
Қамамайық қораға.  
Қырық қыз нөкер қосып бер,  
Сүрейін дәурен далада.  
Тоғыз жылың біткен соң  
Келейін көшіп қалаға,  
Армансыз болып кетейін,  
Беретін болсан қораға.  
Шөбіме түссе кетейін,  
Таз дегенмен бола ма?  
Сен берсөн, ата, мен көндім...»  
Ырза болды Тайшық хан,

Қызының айтқан сөзіне.  
Куанып қалды көнілі,  
Капа боп жүрген кезінде.  
Бәсірең деп жұз серке  
Бөліп берді өзіне.  
Бір үйді тікті жайнатып,  
Ішіне бұлбұл сайратып,  
Тас бұлактың көзіне.  
Жар шақыртып қалаға,  
Мәлім қылды далаға  
Жігіт түгіл қыздар да  
Баспайтын болды ізін де,  
Еріккен қыздар түседі,  
Бұлактың күнде көзіне.  
Ханның қызы Қаракөз  
Ашық еді көргеннен  
Алпамыс ердің жүзіне.  
«Оңаша жайда жолығып,  
Сейлесем,— дейді,— өзіне».  
Сонда да кезі келмеді  
Ізденген бейбак көзіне.  
Қыздарға мұны айтпайды  
Айттайын десе батпайды.  
Күн шығу мен күн бату  
Арасында жатпайды,  
Ойына алса бір жерді  
Бір бармай оған қайтпайды,  
Құнан қойдай бой тастап,  
Бәйге атындей ойқастап,  
Мойнына алқа қай тастап,  
Шығады қыздар қыр жаққа.  
Бір күні кетеді о жаққа.  
Бір күні кетсе тау жаққа

Бір күні кетеді ой жаққа.  
Ұсталуы рас баланың,  
Тастағанын білмейді  
Алып барып қай жаққа.  
Сонда да кезі келмеді,  
Ізденген сорлы бейбаққа  
Самауырынды қайнатып,  
Дастарханды жайнатып,  
Қыздарды түнде ойнатып,  
Бұлбұлды күнде сайратып,  
Қылады қыздар тамаша,  
Жан бармайды оңаша.  
Бір күні суға бармаққа  
Шомылып қыздар алмаққа  
Құндыздай шұбап келді қыз.  
Бұлактың келді басына  
Жалаң аяқ аяғы,  
Қолында талдан таяғы,  
Ыштаның түріп тізеге,  
Кемпірдің ұлы баяғы  
Жетіп келді жүгіріп,  
Қыздардың енді қасына.  
Қыздарды көріп қымындейт  
Болғандай бұрын ашына.  
Қаракөзайым қарайды:  
«Қандай есер неме?» — деп,  
Әкесі берген досына.  
Ойынға тоймас кезі екен  
Он беске келген жасы да.  
Ұмытлады қыздарға  
Кепешін басып басына.  
Орамал тартып шекеге  
Самайын жүр жасыра.

Сүйкенеді қыздарға,  
Қотыр нардай қышына.  
Түйе бас қылып қырық қыз  
Алып үрді жездесін  
Тастақтың барып тасына .  
Ұшып кетіп кепеші,  
Жарылды тасқа басы да;  
Қаны менен ірінге  
Былғанды қыздар шашы да.  
Тұра қашты сыйылып,  
Шыдай алмай астында,  
Жабылып қыздар куды енді,  
Тасбұлактан асыра...  
Осыменен жеті жыл,  
Өткізді қыздар далада,  
Сыңсымса Баян секілді,  
Дәурен сүрді арада,  
Жеті жылдың ішінде  
Көрінбеді кісіге,  
Бір бармады қалаға,  
Ата менен анаға.  
Адамзаттың баласы  
Мұнша ашық бола ма?!

Ханның қызы Қаракөз  
Қарайып алды қанына.  
Екі көзі далада  
Бір көрмекке ынтық бол,  
Алпамыс берен балаға.  
Жұз серкесі патшаның  
Қыздардың жүрді жолында.  
Әрқайсының бір қонырау,  
Тағулы жүр мойнында.  
Тұла бойын үкілеп,

Әсемдел қойған бойын да.  
Патшаның (бар) акылы  
Соямын деп жүр тойында.  
Екі жылда той қылмак,  
Патшаның (бар) ойында.  
Жалғыз қызы Қаракөз  
Қөнілі ҳақтың жолында.  
Кейқуат дейтін патшаға  
Бағатын еді оны да.  
Жеті жыл ұдай серкенің  
Жүретін еді сонында.  
Ерте кетіп, кеш келіп,  
Жаятын еді Қырымға.  
Серкелері семіріп,  
Келмейді мойнын бұруға.  
Әрқайсысы жылқыдай,  
Бармайды қолы үруға.  
Бір күні серке ойнады,  
Асыр салып секіріп,  
Алпамыс жатқан орына.  
Енді серке ойнады,  
Ойынға бәрі тоймады,  
Айқайлады Кейқуат,  
Айқайға серке болмады,  
(Зынданың) аузын талқандап,  
Бұзылмасқа қоймады...  
Енді серке секіріп,  
Біріне-бірі асылып,  
Екеу-екеу сүзісті,  
Бірін-бірі қашырып.  
Тұяғымен серкенің  
Қақпағы кетті ашылып.  
Тайып кетіп тиегі

Ойнактаған серкенің  
Түсіп кетті біреуі.  
Куаныш кіріп көңліне,  
Жарылып кете жаздады  
Алпамыстың жүрегі.  
Кашанға дейін жыласын  
Кабыл болды тілегі.

Элқисса, Кейқуат ордың басына Алпамыстың қасына келіп, айқай салды: «Ей, Алпамыс, қайдасың, серкем түсіп кетті, шығарып бер, Қаракөзім маған ұрсар», — деді. Онда Алпамыс: «Қембал серкенің маған күніге біреуін беріп, мені бағып-как, егер де ордан аман шықсам, өзімнен бұрын сені мұратқа жеткіземін», — деді. Онда Кейқуат ашуланып: «Жеті қабат жердің астында жатып, мақсатқа жеткіземін дейсін, сенін бұл күнінді өзіне көп қылайын», — деп, бір тиірмен тасты дәңгелетіп әкеліп үстіне тастап жіберді. Алпамыс тасты қағып алды, салмақтап тұрып қайтып лақтырып жіберді. Тас басынан асып кетті. Кейқуаттың зәресі ұшып кетті, Кейқуат жаман сасып қалды, тас келіп бір етегін басып қалды. Онда Кейқуат ойланды: «Осының айтқанын қылайын, өлсем өлейін, өлмесем жақсылығын көрейін», — деп. Серкенің күніге біреуін беріп тұрды. Сөйтіп жүріп серкенің бәрін тауысты. Бір күні Алпамыска келіп: «Ей, Алпамыс, серке таусылды, не қыламын?» — деді. Онда Алпамыс айтты: «Мынау серкелердің мүйізі, қабырға сүйегінен сырнай істеп қойым, соны қыздардың жолына барып тарт, сені ұстап алды кім қылды деп сұрап, айтып қойма. Бірақ ханның кызы Қаракөзайымға сездір», — деді. Кейқуат сырнайды алды қыздардың жүретін жалғыз аяқ жолы бар еді, соған келіп жабындының астында жатып, сырнайды анқылдатып тартты. Қыздар естіп қарап жүріп тауып алды. «Ей, Кейқуат, мұны кім жасады, қайдан алдың?» — деп қыздар сұрады. Кейқуат айтпады. Қыздар оны аяқтарымен таптады,

сонда да айтпады. Сол уақытта Қаракөзайым: «Маған шынын айтатын шығар», — деп, оңашаға шығарып алды, сураған жері еді.

Қаракөзайым сөйлемді:  
«Молдалар сыйған ала хат  
Біздерменен бас қосып,  
Ойнап, күлмек салтанат,  
Колыңдағы сырнайды,  
Кім қылды екен, Кейқуат?  
Сурағанда шын айтсан,  
Сені тәуір көрейін.  
Шыныңды айтшы, Кейқуат,  
Не тілесен берейін.  
Кандай пері қылды екен,  
Көзімменен көрейін.  
Егер қылса адамзат,  
Жолында соның өлейін.  
Кейқуат сонда сөйлемді:  
«Базары пышақ балдақы  
Нәсілің сенің қалмақы.  
Шыныңды айт деп қинаудын,  
Көп ішінде салдақы.  
Бір адам қылды ордағы,  
Ор ішінде бенде боп,  
Алпамыс берен қалған-ды...  
Мұны Алпамыс қылған-ды!»  
Қаракөзайым сөйлемді,  
Ақылменен тағы ойлады:  
«Айналайын Кейқуат,  
Сол Алпамыс қайда еді?»  
Алпамысты есітіп,  
Фашық оты өртеді.  
Кейқуатқа ілесіп,